



ОТБАСЫ БЕРІК БОЛСА – МЕМЛЕКЕТ ҚУАТТЫ БОЛАДЫ

Құрметті достар!

Сіздерді Халықаралық отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жүрекке жылы мереке отыз жылдан астам уақыт бойы отбасы атты ең қастерлі құндылықты еске салып, насихат етіп келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен бекітілген бұл күн – әрбір адам үшін маңызды мәселелерге назар аударуға, яғни, қамқорлық, қолдау, махаббат және балаларымыздың жарқын болашағы секілді ізгі құндылықтарды ұлықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазақстанда 6,2 миллионнан астам отбасы өмір сүруде. Мемлекет үшін отбасын қолдау – жай ғана басымдық емес, бұл – тұрақты дамудың берік негізі. Елімізде ана мен баланы қорғауға ерекше мән беріліп, қауіпсіз әрі лайықты өмір сүруге барлық жағдай жасалуда.

Бұл ретте жаңа ғана шаңырақ көтеріп жатқан жас отбасыларға ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсету маңызды. Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған заңнама жетілдіріліп келеді. Қолдау тек сөз жүзінде ғана емес, әлеуметтік жәрдемақылар мен бала күтіміне арналған төлемдер арқылы нақты көрініс тауып жатыр. Бүгінде елімізде 112 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтар азаматтарға өмірлік маңызды мәселелерді шешуге көмектесіп, психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетіп отыр.

Отбасы – қоғамның тек бір бөлшегі ғана емес. Бұл – бізді жақсы көретін, түсінетін, қабылдайтын аяулы мекен. Дәл осы жерде тұлғалық қасиетіміз қалыптасып, құндылықтар мен армандарымыздың іргетасы қаланады. Отбасы берік болса – мемлекет те қуатты болады.

Балаларын сүйіспеншілікпен тәрбиелеп отырған, отбасылық дәстүрді ұқыппен сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан әрбір жанға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздер – еліміздің тірегі, жарқын болашақтың негізсіздер.

Барша отбасыға шуақты өмір, мықты денсаулық, жылылық пен бақ-береке тілеймін. Әр шаңырақта қуныш пен шаттық мол болсын!

Дәл осы күні «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына өтінім қабылдау басталады. Қазақстанның әр өңірінде өзгелерге үлгі болатын, тағылымды тарихы бар отбасылар бар екеніне сенімдімін. Баршаңызды осы маңызды әрі ізгі байқауға қатысуға шақырамын. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз көпшілікке шабыт сыйлайтыны сөзсіз.

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі

Қазақстандағы сот жүйесі соңғы жылдары ашықтыққа бағыт алғанын жиі байқап жүрміз. Жариялылық қағидасы заңмен бекітілген. Алайда тікелей эфирде, санмыңдаған азаматтың алдында ашық сот процесін жүргізу оңай емес. Мұндай процестер судьяларға моральдық, кәсіби және психологиялық тұрғыдан аса ауыр.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АШЫҚ ПРОЦЕСС – СУДЬЯ ҮШІН ҮЛКЕН СЫН



МӘСЕЛЕ

СУДЫҢ БАСТЫ СҰРАУЫ – ҮНЕМШІЛДІК

Қазақстанда су тапшылығы емес, оны ұтымсыз пайдалану өзекті мәселе. Экономикада және күнделікті өмірде су өте көп ысырап болуда. Қазақстандықтар дамыған елдерге қарағанда тіршілік көзін 10 есе артық тұтынады.

Бүгінде бір адам тәулігіне 3,5 мың литр су пайдаланады екен. Бұл Ресей, АҚШ және Австралиямен салыстырғанда 3 есе көп. Яғни, еліміз суды ысыраппен тұтыну бойынша екінші қарай, алдыңғы орында. Бұл Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында айтылды. Онда Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыру аясында су шаруашылығы саласын реформалау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» баяндама жасап, салада атқаралып жатқан жұмыс жайлы есеп берген болатын.

Министрдің сөзінен түйгеніміз, құрылға-

нына екі жыл болған құзырлы орынның бүгінде атқарған жұмысы аз емес. Сала үлкен реформаны бастан кешті. Мәселен, Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында ең алдымен негізгі маңызды шаралардың құқықтық негізі қалыптастырылды. Осы бағытта атқарылған маңызды қажамдардың бірі – су саласындағы іргелі құжат болып саналатын жаңа Су кодексінің қабылдануы.

Бұл құжат еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін, суды қауіпсіз әрі тиімді пайдалану деңгейіне қол жеткізуге және оны тұрақты түрде қолдауға бағытталған.

Сонымен қатар, су шаруашылығы са-

ласындағы басымдықтарды айқындайтын стратегиялық құжаттар – «Су ресурстарын басқару жүйесін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы», «2028 жылға дейін су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары» және «2026 жылға дейін суды үнемдеу жөніндегі жол картасы» әзірленді. Осы құжаттардың қабылдануы арқылы саланы сапалы дамытуға қажетті заңнамалық және институционалдық негіз толықтай қалыптастырылды.

Парламент депутаттары және Үкімет тарапынан көрсетілген қолдау нәтижесінде су саласындағы жобалар мен іс-шараларды қаржыландыру мәселелері жоспарлы түрде шешім табуда. Бұл – стратегиялық құжаттарда көзделген мақсаттарды толық әрі тиімді іске асыруға жол ашатын маңызды фактор. Бүгінде жобаларды тиімді іске асыру және бақылау мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігінде жобалық басқару тетіктері енгізілді. Осы мақсатта арнайы жоба-

лық офис құрылып, өңірлік деңгейде тұрақты байланыс орнатылды. Биыл бюджет қаражаты мен халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты есебінен 6 мыңнан астам шақырым канал қайта жаңғыртылуда. Алдағы жұмыстардың ауқымдылығы мен өңірлерге қажетті күрделі инвестициялар көлемін ескере отырып, шетелдік қаржы институттарын тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда Ислам даму банкінің Директорлар кеңесі жалпы құны 2,7 миллиард АҚШ долларын құрайтын несиені мен грант бөлу туралы шешім қабылдады. Жоба екі кезеңмен іске асырылады. Несие қаражаты есебінен 2025 жылы еліміздің өңірлерінде төрт су қоймасының құрылысы басталады.

Басымдық беріліп отырған жұмыстардың бірі суды ұтымды пайдалану мен үнемдеуге ынталандыруды күшейту.

(Жалғасы 3-бетте)

5-бет



Құқықтық айқындық тұжырымдардың дәлдігіне тікелей байланысты

6-бет



Абай мұрасын насихаттау – ұлттық сананы ояту

8-бет



Тергеуші

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АШЫҚ ПРОЦЕСС – СУДЬЯ ҮШІН ҮЛКЕН СЫН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ашық сот процесі – қоғам үшін маңызды әрі қажет құрал. Ол халықтың сот жүйесіне сенімін арттырады. Бірақ бұл жүйе жұмыс істеуі үшін судьялардың тұлғалық, кәсіби және психологиялық қорғанысын қамтамасыз ету шарт. Қазіргі таңда ашық процестерге қатысқан судьялардың пікірі бұл жүйені әлі де жетілдіру қажет екенін көрсетіп отыр. Судья – жай үкім шығарушы емес. Ол – қоғамның алдында тұрған әділеттіліктің бейнесі. Ал сол бейне адам екенін ұмытпауымыз керек.

Әрине, Жоғарғы Соттың бас-тамасымен өткізілген жария соттардың тиімді тұстары жеткілікті. Бұл ең алдымен отандық соттарда жаңа технология тетіктерінің жан-жақты қолданылатынын көрсетті. Қазақстан соттары осы әрекеті арқылы өзінің заманауи жаңашылдықтарды еркін қолдана алатынын, сондай-ақ, жария отырыстар сот саласында еңбек етіп жүрген судьялар мен сот қызметкерлерінің сандық технологияны жақсы меңгергенін дәлелдеді.

Мұндай ашық процестердің өтуі ел азаматтарының құқықтық сауатын көтеруге айтарлықтай ықпал еткенін мойындауымыз керек. Әрбір отырысты сырттай бақылай отырып азаматтар судьяның қызметімен, прокурор мен адвокаттың сот процесіндегі рөлімен жақынырақ танысады.

Қазақстанда өткен шулы сот процесін отандастарымыз ғана емес, шетелдегі азаматтардың да көріп, бақылап отырғаны белгілі. Осындай онлайн сот процесіне қатысып, судьяның біліктілігі мен сот жұмысының сапалы, сауатты ұйымдастырылуына қарап, өзге ел азаматтарының да қазақстандық соттарға қатысты жағымды көзқарасы қалыптасары анық.

Жалпы, елімізде Астана қалалық мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотында қаралған Бишмбаевтың ісіне дейін де бірнеше жария сот отырысы өткені мәлім. Соның ішінде көпшіліктің есінде қалғаны атышулы «Қорғас ісі» мен шекарадан заңсыз өткен Сайрағұл Сауытбайға қатысты сот. Бұл екі іс те жұртшылықтың ерекше қызығушылығын оятқан еді.

Әсіресе, «Қорғас ісі» жоғары шенділердің қылмысын әшкерелеген, барша жұртшылықтың көз алдында өткен ең шулы процестің бірі болды. Бұл істі тәжірибелі судья Советхан Сәкенұлы таразылаған болатын. Атағы жер жарған, қоғамда салмағы басым, артында тіреуі мықты, беделді азаматтарға төрелік ету Советхан Сәкенұлына да жеңіл болған жоқ.

«Судья логикалық машина болуға мәжбүр»

Бүгінде Алматы қалалық сотының отставкадағы судьясы Совет-

хан Сәкенұлы ашық сот отырысын өткізуге қарсы емес. «Бірақ көпшіліктің көз алдында сот отырысын өткізу үшін судья бірнеше қабілетті қатар алып жүруі керек» дейді ардагер-судья.

– Судьяның логикасы мықты болу керек. Барлық сұрақтарды, дәлелдерді жинап, ортақ шешімге келу оңай емес. Ашық процеске шыққанда сенің ойың бөлінеді: бір жағында – қоғам не дейді деген алаңдаушылық, екінші жағында – прокурордың ұстанымы қалай деген ой, одан бөлек – айыпталушы, оның туыстары, сосын камера, микрофон, тікелей эфир... Бәрінің де жүйкеге салар салмағы жоғары, – дейді Советхан Сәкенұлы.

Оның пікірінше, мұндай ауыр процестерге кез келген судья дайын емес. Ал дайын болмаған жағдайда, дұрыс шешім қабылдауға да кедергі келуі мүмкін.

«Біз техникалық мәселеге көп мән береміз: камера бар ма, микрофон істей ме, залда қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген бе деп ойланамыз. Бірақ судьяның ішкі күйін, шешім қабылдауға әсер ететін факторларды ескермейміз. Бұл – жүйенің әлсіз жері», – дейді тәжірибелі маман.

Советхан Сәкенұлы Қорғас ісіне қатысты шулы істің талапқа сай өтуіне басшылардың қолдауы, әріптестерінің демеуі аз әсер етпегенін айтты. «Әріптестердің сенімі қанат бітіреді. Басшылықтың «Ештеңеге алаңдамай, істі заңға сай қара!» деген бір ауыз сөзі де судьяның өзіне деген сенімін нығайтады.

«Ашықтық дегенді желеу етіп кейде шеңберден шығып кететіндер болады. Олар айтқан сөзің-

нен өзіне керекті жерді қиып алып, қоғамды дүрбелеңге түсіруге бейім. Әсіресе, Қорғас ісінде әлеуметтік желі арқылы сотты қаралап, жемсіз сынағандар көп болды. Бірақ, өз ісіңе сенімді болсаң, процессуалдық заңнама шеңберінен шықпасаң, ештеңеден қорқудың керегі жоқ. «Аққа Құдай жақ» демекші, халық ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін анықтайды» дейді Советхан Сәкенұлы.

Ашық сот – екі қырлы құрал

Жаркентте өткен «Сайрағұл соты» да қоғамда аз дүмпу тұғызбады. Алматы мен Жаркенттің арасын жол қылған қоғам белсенділері, белгілі тұлғалар шарасыздықтан шекараны заңсыз өткен қазақ қызының тағдырына барынша арашашы болуға тырысты. Осы істі ашық сот отырысында қараған Динара Құйқабаева да қоғамның қысымынан сырт қалған жоқ.

Айталық Қорғас ісі Алматыда өтсе, Бишмбаевтың соты Астанада қаралды. Бұл соттарда қанша айтқанмен материалдық, техникалық ресурсы жоғары. Ал шалғайдағы Панфилов аудандық сотында Сайрағұл ісін бақылауға келген барша азаматтарға мүмкіндік жасауға қол қысқа еді. Аудандық сотта үлкен залдар жоқ. Мұндағы залдар көп адамға арналмаған. Десе де, Панфилов аудандық соты ұжымының бірлігінің, біліктілігінің арқасында сот процесіне келген журналистер мен блогерлерге арнайы бөлме жасақталып, сот залынан еркін ақпарат таратуға барынша жағдай жасалды.

Осы шулы істе өзінің жоғары білімімен, кәсіби шеберлігімен

көзге түскен Динара Құйқабаева бүгінде Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы. Ақпарат құралдарымен қоян-қолтық жұмыс істеуге әбден дағдыланған Динара Құйқабаева Қазақстандағы ашық сот процестері туралы ойын бүкпесіз айтып жүрген тұлғалардың бірі. Оның Facebook парақшасындағы жазбалары мен сөздерінен судьялардың күнделікті көріп жүрген қысымы мен ішкі әлемі көрінеді:

«Ашық сот процесі дегеніміз – камера, қоғам назары, тікелей эфир. Бұл – халық үшін жақсы, бірақ судья үшін моральдық және физикалық ауыр соққы. Судьяға қандай істе де эмоцияға ерік беруге болмайды. Сыртқа сыр бермегенімізбен, ішіміз қайнап, буырқанып жатады. Ашық сот барысында сенің әр сөзің, әр қимылың жұрттың көз алдында. Барлығы сені бақылап, назарыңда ұстайды. Біреулер жанашырлық танытып, істі дұрыс жүргізуіңе тілекші болса, енді біреулер мүлт кеткен жеріңді аңдып, қателігіңді жария етуге дайын отырады. Осы тұрғыдан алғанда жариялы соттар – соттардың шыңдаудың, қоғаммен ашық байланыс орнатудың, жетістіктерің мен кемшіліктеріңді саралаудың мүмкіндігі десек қателеспейміз», – дейді Динара Құйқабаева.

Судья Сайрағұл Сауытбайдың ісін жүргізу барысында бұрын-соңды болмаған қысымды сезінгенін алға тартты:

«Қытайдың өзінен қысым болды. Ел ішінде де шу. Сот залы толып кетті, сыртта адамдар кезекте тұр. Қоғам мен мемлекет назарын бірдей ұстау – өте қиын. Қоғамдық орындарға барсаң – кездескен жұрттың бәрі осы іс жайлы сұрайды. Демалуға мүмкіндік жоқ. Өзімді психологиялық тұрғыдан өте әлсіз сезіндім», – дейді судья.

Динара ханым сот процесінен кейін үш күн бойы тұра алмай жатып қалғанын, жүйкесі сыр бергенін жасырмады. Оның айтуынша, кейде қоғамның түсінбестікпен қабылдауы, эмоциялық қысым, хейт пен шабуыл судьяны күйзелуге әкеледі.

«Сот әділ шешім шығарған күн-

нің өзінде, оның қорытындысын қоғам қабылдамаса, сені кінәлайды. Сондықтан, істі қарау барысында комментарий оқуға болмайды. Әлеуметтік желідегі хейт – тікелей шабуыл. Судья соның бәріне төзуі керек. Бірақ біз де адамбыз. Пікірін айтып, арнайы жазбасын жариялар алдында азаматтар соны түсінсе деймін», – дейді Динара Құйқабаева.

«Судья эмоциямен емес, дәлелмен шешім шығаруы керек»

Астана қаласы бойынша мамандандырылған ауданаралық қылмыстық соттың судьясы Айжан Құлбаева ашық процеске бірнеше рет қатысқан. Оның пікірінше, ашықтық – сотқа деген сенімді арттырады, бірақ судья үшін бұл кәсіби дайындықты талап ететін ерекше процесс.

«Судья алдымен эмоциясын басқара білуі керек. Қоғам алдында отырғаныңды білсең де, тек заңға сүйеніп шешім шығаруың керек. Ашық процесс кезінде адамдардың көзіне қарап сөйлеу, олардың реакциясын ескеру – қосымша жүктеме. Сондықтан бізге арнайы психологиялық дайындық қажет», – дейді Айжан Құлбаева.

Ол сондай-ақ, судьялар жұмысына сыртқы пікірлердің әсері болмауы тиіс екенін ескертіп: «Судьялар шешімін жұртқа ұнамай қалса не болады деп алаңдайды. Бірақ біз популисттер емеспіз. Халыққа ұнау үшін шешім шығармаймыз. Бұл жерде заң үстемдік етуі тиіс», – деген пікірін ортаға салды.

Динара Құйқабаева сот жүйесі енді тек заңмен ғана емес, қоғаммен де жұмыс істеуі керек екенін алға шығарды. Оның ойынша, судьялар коммуникация, этика, эмоцияны басқару, тіпті медиа сауат секілді жаңа дағдыларды меңгеруі тиіс:

«Судья халықпен тіл табыса білуі керек. Біз тек үкім шығарушы емеспіз. Біз қоғамға түсіндіруші, түсіндірмелерді қарапайым тілмен жеткізе алатын маман болуымыз шарт. Бұрын тек заңды білу жеткілікті еді, қазір жеткіліксіз. Қоғам психологиясын да түсіну қажет», – дейді білікті маман.

Міне, бұл бүгінгі күнге дейін жария сот отырыстарын өткізіп, көпшілікке танымал болған тәжірибелі судьялардың пікірі.

Қазір Талдықорғанда Шерзат Полаттың өліміне қатысты сот процесі жүріп жатыр. Көпшілік тікелей желі арқылы қалт жібермей қадағалап отырған шулы іске судья Ержан Жанұзақов төрелік етуде. Ержан Жанұзақов – еңбек жолын тергеу саласынан бастаған тәжірибелі маман. Қылмысты істерді ашудың, күрмеуі қиын істерді тергеудің жай-жапсарын жақсы біледі. Мамандандырылған қылмыстық сотта жұмыс істеп жүргеніне де біраз болған. Бірақ сондай кәсіби судьяның өзіне жария сот отырысын жүргізу оңай болып жатқан жоқ. Дауысында діріл бар. Сөздерінде кейде шашыраңқылық байқалады. Дегенмен, біраз уақыттан соң камераларға еті үйреніп, шеңберге шыққандарды қақпайлап, процесті бабында ұстайды деп сенеміз.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

«Біз техникалық мәселеге көп мән береміз: камера бар ма, микрофон істей ме, залда қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілген бе деп ойланамыз. Бірақ судьяның ішкі күйін, шешім қабылдауға әсер ететін факторларды ескермейміз. Бұл – жүйенің әлсіз жері».

Советхан СӘКЕНҰЛЫ,
Қорғас ісін қараған ардагер судья



«Сот әділ шешім шығарған күннің өзінде, оның қорытындысын қоғам қабылдамаса, сені кінәлайды. Сондықтан, істі қарау барысында комментарий оқуға болмайды. Әлеуметтік желідегі хейт – тікелей шабуыл. Судья соның бәріне төзуі керек. Бірақ біз де адамбыз. Пікірін айтып, арнайы жазбасын жариялар алдында азаматтар соны түсінсе деймін».

Динара ҚҰЙҚАБАЕВА,
Алматы қаласы
Медеу аудандық сотының судьясы



Айжан ҚҰЛБАЕВА,
Астана қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы



ПАЙЫМ

Соттың беделі – мемлекеттің беделі. Сол себепті сот жұмысының сапасын жақсартуға, судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға қатысты шаралар бір сәтке де тоқтаған емес. Президенттің жыл сайынғы жолдауларында отандық соттың дамуы мен ілгерілеуіне, заңнамаларды жетілдіруге түрткі болатын бастамалар жасалып, түрлі реформалардың жүргізіліп жатқанына көпшілік куә.

Елдегі әділдік пен теңдіктің, заң үстемдігінің кепілі болғандықтан, сот саласына, судьялар қызметіне қойылатын талап жыл өткен сайын күшейтіліп келеді. Мұндай жоғары меженің артында азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту талабының тұрғаны анық.

Міне, осындай үлкен міндет пен ауқымды

жұмыс жүктелген судьялар мен сот қызметкерлерінің тәуелсіздік алған уақыттан бері төл кәсіби мерекесі белгіленбеген еді. Соның салдарынан Конституция қабылданған 30 тамыз судьялардың кәсіби мерекесі ретінде ұзақ жылдар аталып өтілді.

Бірақ, судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін айқындау қажеттігі қоғамда жиі айтылып, жазылатын. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 қаулысының негізінде «24 маусым – Судья және сот қызметкері күні» болып бекітілді. Қазақстан күнтізбесіндегі мерекелік даталарға кәсіби мерекеміздің қосылуы біз үшін ерекше құрмет.

Судьялар мен сот саласы қызметкерлерінің білімі, іскерлік қабілеті, күш-жігері халықтың заңды құқығы мен ар-намысын қорғауға бағытталған. Саланы дамытуда әрбір судья мен сот қызметкерінің қомақты

үлес қосып жүргені рас. Ендеше, кәсіби мереке осы құрылымда жылдар бойы еңбек етіп, отандық соттың көшін өрге сүйреген әрбір әріптесіміздің еңбегінің бағаланғаны деп түсінугіміз керек.

Биыл төртінші жыл Қазақстан соттары төл кәсіби мерекесін атап өткелі отыр. Алдағы уақытта бұл мерекені өткізудің форматы мен тұжырымдамасын байыта түсуіміз керек. Себебі, кәсіби мереке ең алдымен сот жұмысына деген қызығушылықты, құрметті қалыптастыруды көздейді. Соған орай бұл күні қазақстандық соттың тарихы мен болашағына қатысты зерттеулер мен жазбалар ұйымдастыру маңызды. Сонымен бірге, бұл мереке сот саласының сапында ұзақ жылдар қызмет етіп, зейнетке шыққан ардагер судьялар мен сот қызметкерлерінің еңбегін дәріптеудің жарқын үлгісі болуға тиіс. Сот саласына бүкіл ғұмырын арнаған, саналы өмірінде соттың жандануына лайықты үлес

қосқан алдыңғы буынның есімі мен еңбегі ұмытылмауы керек. Ардагерлерді дәріптеу, атын тарихта қалдыру – бүгінгі буынның міндеті.

Кәсіби мереке барысында ұжымдағы үздіктерді анықтап, жақсының жақсылығын айту да парыз. Соған орай, әр мереке қарсаңында түрлі байқаулар мен сайыстар ұйымдастырып, жеңімпаздарды анықтауды дәстүрге айналдырған дұрыс. Бұл ұжымның береке-бірлігін нығайтып, талапты жастарды ынталандыруға сеп болады.

Қазақстанның сот билігі судьялар мен сот қызметкерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында қарқынды даму үстінде. Заң үстемдігін нығайтып, сот төрелігін қамтамасыз етуге әрбір әріптесіміздің еңбегі еселі.

Ғабит БАСТАУБАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

МӘСЕЛЕ

ІС-ШАРА

СУДЫҢ БАСТЫ СҰРАУЫ – ҮНЕМШІЛДІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осыған орай қазіргі таңда суармалы судың тарифтерін белгілеудің жаңа әдістемесі әзірленіп жатыр екен. Сонымен қатар Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп отырып, «аз тұтынсаң — соғұрлым аз төлейсің» қағидатына негізделген ауыз суға сараланған тарифтер жүйесі енгізілді. Жаңа тәсіл бойынша тарифтер ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлеріне, тұтынылатын судың көлеміне, сондай-ақ су үнемдеу технологияларының қолданысына қарай сараланып белгіленетін болады. Нұржан Молдиярұлының айтуынша, бұл жүйе халықты су ресурстарын ұқыпты пайдалануға ынталандырып, тұтыну көлеміне қарай әділ әрі үнемді төлем тәртібін қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда бұл шараның алғашқы жемістері байқала бастады. Мәселен, 6 өңірде (Алматы қаласы, Шымкент қаласы, Ақмола, Түркістан, Ұлытау, Ақтөбе облыстары) сараланған тарифтерді енгізу нәтижесінде ай сайын орта есеппен 1,6 миллион текше метр су үнемделіп отыр. Бұл шамамен 900 миллион теңге көлемінде қаражат жинауға мүмкіндік берді. Оның бәрі су құбыры желілерін жаңғыртуға бағытталмақ.

Алайда, депутаттардың айтуынша, бұл соншалықты қуанатын көрсеткіш емес. Жалпы суды үнемдеу шаралары айтарлықтай нәтиже бермей отыр. Мұның бірден-бір себебі су пайдаланушылар арасында суды үнемдеуге қатысты салиқалы көзқарасты қалыптастыратын ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі. Мектептерде ашық сабақтар өткізу сияқты бір реттік іс-шаралар суды тұтыну мәдениетін дамыту мәселесін шешуде айтарлықтай нәтиже бермейді. Сондықтан бір айдан кейін күшіне енетін жаңа Су кодексінің негізгі ережелерін халыққа және барлық су пайдаланушыларға, әсіресе шаруаларға таныстыру және түсіндіру бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Жиында қосымша баяндама жа-

саған Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаевтың айтуынша, елімізде ауыл шаруашылығында су шығыны 60 пайызға дейін жетеді, ал көрші елдерде бұл көрсеткіш екі есе төмен. Мұның негізгі себептері – ирригациялық инфрақұрылымның шектен тыс тозуы және суарудың технологиялық ескірген әдістерін қолдану. Елімізде 14 мың шақырымнан астам суару каналдары, яғни барлық каналдардың 31 пайызын реконструкциялау қажет. 2024 жылы олардың бес жарым пайызы ғана жөнделді. Биыл 7 пайызға жуығын реконструкциялау жоспарланып отыр. Бұл өте төмен көрсеткіш.

Соңғы 10 жылда халықаралық қаржы институттары мен республикалық бюджет қаражаты есебінен су шаруашылығы объектілерін жаңарту жұмыстары жүзеге асыруға 258 млрд теңге бөлінсе, ал тек 2024 жылы 600 млрд теңге, яғни екі еседен астам қаржы бағытталды. Осыған қарамастан, әлі айтарлықтай нәтиже жоқ. Жоғарғы аудиторлық палатаның есебіне сәйкес, Ақтөбе облысында Еуропалық даму банкінің қаржысымен жүзеге асқан 8 жоба аясында жалпы құны 3 млрд теңгеге орнатылған жабдықтар жіберілген қателіктер салдарынан пайдаланылмай отыр. Алматы облысында да осындай жағдай орын алды. Талғар ауданында 5 миллиард теңге жұмсалып, қайта жаңартылған каналдағы су шығыны бұрынғыдай жоғары болуда. Министрлікте осындай жобаларды іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен бірлескен және өзара іс-қимыл жеткіліксіз. Орындалған жұмыстардың нәтижелерін толық есепке алу және бағалау үшін пайдаланылған қарыз қаражатының тиімділігін және орындалған жұмыс сапасын бақылау мен бағалаудың нақты тетігін әзірлеуі қажет. Онда әрбір жобаны іске асыруға жауапты саяси мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту тетігі болуға тиіс.

Сонымен қатар суды заңсыз пайдалану – саланың ең күрделі мәсе-

лелерінің бірі. Кейбір аймақтарда судың 40 пайызы заңсыз пайдаланылады. Бұған тосқауыл қоюдың тиімді жолы – ғарыштық мониторингті қолдану. Жоғары аудиторлық палатаның деректері бойынша «Қазасушар» балансындағы гидротехникалық құрылыстарды автоматтандыру үлесі 2 пайызға да жетпейді. Республикадағы барлық су ресурстарының 46 пайызы келіп түсетін трансшекаралық су объектілерінде суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесі жоқ. Яғни, елімізді сумен қамтамасыз ететін ең осал тұстары сол қалпында қалып отыр.

Суды үнемдейтін технологияларды қолдану барысы да кемшіліксіз емес. Бүгінгі таңда 1,9 миллион гектар суармалы жердің тек 470,0 мың гектары немесе 25 пайызы ғана су үнемдеу технологиясымен қамтылған. Суды үнемдеудің құқықтық негіздері 9 сәуірде қабылданған жаңа Су кодексіне бекітілді. Кодекс – салалық негіздемелік құжат, оның ережелері Үкіметтің заңға тәуелді актілерінде және министрліктің бұйрықтарында нақтыланып, егжей-тегжейлі жазылуға тиіс. Бұл шаралар заңға қол қойылған күннен бастап екі ай ішінде қабылданып, жария етілуі керек. Су кодексін іске асыру үшін барлық деңгейдегі 119 заңға тәуелді актіні қабылдау қажет екен. Олар белгіленген мерзімде су пайдаланушылар мен халыққа ұсынылуға тиіс. Су шаруашылығы субъектілерін осындай нормативтермен және ережелермен уақытылы және толық қамтамасыз ету тұтастай алғанда саланың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жалпы су саласындағы мәселелердің оңтайлы шешілуі Су ресурстары және ирригация министрлігімен қатар, басқа да мемлекеттік органдар мен мемлекеттік басқару субъектілерінің тікелей атсалысуын қажет етеді. Сондықтан да биліктің барлық тармақтарының бірлескен күш-жігері мен келісіп әрекет етуі тиіс болып отыр.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Алматы қаласында «Қазақстан-Әзірбайжан халықаралық форумы» өтті. Ол Әзірбайжанның ұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің туғанына 102 жыл толуына арналды.



«БІЗДІҢ ОТБАСЫМЫЗ – ТҮРКІ ӘЛЕМІ»

Форумды Әзірбайжан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау агенттігінің қолдауымен «Қызылбаш» жастарды оқыту қоғамдық бірлестігі, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы, Дүниежүзілік ахысқа түріктері ассоциациясы (DATÜB), «Жібек жолы» халық дипломатиясы қоры және «Батыс Әзірбайжан» қауымдастығы ұйымдастырды. Іс-шара Қазақстан мен Әзірбайжанның мемлекеттік аңдуарымен басталды.

Форумға Әзірбайжанның Қазақстандағы Елшілігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің консулы Анар Гусейнзаде, Түркияның Алматыдағы Бас консулы Эврен Мүдеррисоглу, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры, халық жазушысы, ақын, Қазақстанның Еңбек Ері, түркітанушы Олжас Сүлейменов (бейнеундеумен), Әзірбайжанның халық ақыны Сабир Рүстамханұлы, Әзірбайжан Республикасы Милли Мәжілісінің депутаты Нағиф Хамзаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, профессор Ерболат Әлиядинұлы, Әзірбайжанның баспа кеңесінің мүшесі, «Yeni Şağ» медиа тобының жетекшісі Агиль Әлескер, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директорының орынбасары Салтанат Әшімова, «Жібек жолы» халықаралық халық дипломатиясы ұйымының төрағасы Сейфулла Түрксой, тарих саласы бойынша PhD Игорь Крупко, сонымен қатар Әзірбайжан мен Қазақстанның танымал ғалымдары мен саяси қайраткерлері қатысты.

Анар Гусейнзаде іс-шараның ашылуында 44 күндік Отан соғысы кезіндегі ұстанымдарын баяндап, Әзірбайжанның аумақтық тұтастығын қолдауының жоғары бағалануы керек екенін атап өтті. Ол сондай-ақ Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы қарым-қатынастар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы ақпарат берді.

Түркияның Бас консулы Эврен Мүдеррисоглу түркі бірлігінің маңыздылығына тоқталып, Гейдар Әлиевтің түркі әлемінің ұлы тұлғасы болып, өз заманынан оза шапқанын баяндады.

Милли Мәжіліс депутаты Нағиф Хамзаев Батыс Әзірбайжаннан қоныс аударған азаматтар туралы айтып, Батыс Әзірбайжан — олардың шекараға жақын орналасқан жалғыз елі екенін айтқан.

Олжас Сүлейменов бейнеундеуінде Әзірбайжанның Ұлы көшбасшысы Гейдар Әлиевтің Әзірбайжан халқы үшін еткен еңбегінің маңыздылығын баяндап, оның тұлғасынан көп нәрсе үйренуге болатынын атап өтті.

Сабир Рүстамханұлы Әзірбайжанның халық ақыны, өз сөзінде тәуелсіз түркі республикаларының дамуының маңыздылығын және көптеген елдерде әзірбайжандардың Батыс Әзірбайжанға оралуына байланысты іс-шаралар өткізілгендігін, сонымен қатар Қазақстанның әзірбайжандықтардың екінші Отанына айналғанын айтып, өз сөзін өлең жолдарымен аяқтады.

Жобаның жетекшісі, Әзірбайжанның Баспа кеңесіне мүше, «Yeni Şağ» медиа тобының директоры Агиль Әлескер Батыс Әзірбайжанға оралу Қарабахқа оралу сияқты жүзеге асатынына сенімділігін білдірді. «Біз міндетті түрде осы түркі әлеміне ораламыз. Біз бүгін туғанына 102 жыл толып жатқан Ұлттық көшбасшы Гейдар Әлиевтің ұлы тұлғасына тағзым етеміз. Президентіміз Ильхам Әлиевтің «Біздің отбасымыз — түркі әлемі, бірге болсақ біз күштіміз» деген сөздерімен қорытындылағанымыз жөн», — деді.

Содан кейін «Түркі әлеміндегі жаңа қиыншылықтар» тақырыбында панельдік отырыс өтті. Панельдік отырыстың модераторы «Ахысқа» газетінің бас редакторы Ровшан Мәмедоглу болды.

Панельдік пікірталасқа «Goodwill AgNiet» қоғамдық қорының директоры Адлет Құмар, «Тұран» университетінің Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің директоры Алтынай Мухамбедьярова және «Art Forum of Kazakhstan» халықаралық шығармашылық ұйымының бас директоры Ернар Фимарат қатысты. Пікірталас барысында Түркі мемлекеттер ұйымының қызметі мен түркі республикалары арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері талқыланды.

Форум аясында Гейдар Әлиевтің 102 жылдық мерейтойына арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Гейдар Әлиевтің Орта Азия мен түркі республикаларына қатысты еңбек жолын көрсететін фотосуреттер және Батыс Әзірбайжандағы әзірбайжандық мәдениет пен тарихи мұраны көрсететін материалдар көпшілік назарына ұсынылды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

БІЛІМ САЛАСЫНДА ӘЙЕЛДЕР БАСЫМДЫҚҚА ИЕ



Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда, Алматы облысында алғашқы тоқсандағы негізгі экономикалық қызмет түрлері бойынша жалдамалы қызметкерлердің тізімдік санында – 182 650 адам болды. Жынысы бойынша оның 108451-ін әйелдер құрады. Олардың үлесі білім беру; денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету; қаржы және сақтандыру қызметінде айтарлықтай жоғары болды. Атап айтқанда: білім беру саласындағы 76649 қызметкердің 60366-сы; денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсетудегі 25674 қызметкердің 19532-сі; қаржы және сақтандыру қызметіндегі 1300 қызметкердің 1026-сын әйелдер құрады.

Еркектердің үлесі: ауыл, орман және балық шаруашылығында; өнеркәсіпте; құрылыста; көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу; көлік және жинақтау; ақпа-

рат және байланыс; жылжымайтын мүлікпен операциялар; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; мемлекеттік басқару және қорғаныс,

міндетті әлеуметтік қамсыздандыру; өнер, ойын-сауық және демалыс салаларында басым болғанымен ол жалпы көрсеткішке әсер ете алмады. Оған қызмет түрлері ішінде қызметкерлердің ең көбі білім беру (76649) мен денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету (25674) саларында қызмет жасайтыны өз ықпалын тигізгені анық. Өйткені еркектердің үлесі ең көп саналатын құрылыстағы қызметкердің жалпы саны – 5953 (737-сі әйел) болса, өнеркәсіпте – 22548 (7794-і әйел); ауыл, орман және балық шаруашылығында – 5946 (2230-сы әйел); көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде – 6751(3221-і әйел); көлік және жинақтауда – 3065 (1308-і әйел), ақпарат және байланыста – 202 (80-ні әйел) ғана.

Негізгі экономикалық қызмет түрлеріндегі өңірдегі орташа айлық атаулы жалақы 339 185 теңге көлемінде болып отыр. Ол – ақпарат және байланыс (728 293 тг); өнеркәсіп (554 703 теңге); қаржы және сақтандыру қызметі (446 715 тг); құрылыс (396208 тг); көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде (372696 тг) ғана жоғары. Ал жылжымайтын мүлікпен операциялар (109 613тг); әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет (127 186 тг); өнер, ойын-сауық және демалыс (260 756 тг) салаларында айтарлықтай төмен.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КИЕ

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болуы тиіс.

ЫНТА БАР ЖЕРДЕ
НӘТИЖЕ ЖОҒАРЫ

Біздің еліміздің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылуы қажет. Бұл ретте, Қазақстанның тіл саясаты тұжырымдамасында көрсетілгендей, Қазақстанда тіл саясатын одан әрі жүзеге асырудағы басты қиындық «мемлекеттің оңтайлы тілдік кеңістігін құру», бұл «мемлекеттік тіл өзінің лайықты орнын алуы тиіс тілдердің функционалды байланысын нақты анықтауды» талап етеді.

Расында да, қазіргі уақытта қазақ тіліне іс жүзінде мемлекеттік тіл мәртебесін беру үшін ауқымды мемлекеттік саясатты жүзеге асыру қажет. Бұл бағытта қазірдің өзінде көп жұмыстар атқарылды. Мәселен, бүгінде елімізде мектеп оқушыларының 80 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқытылады. Қабылданған шаралар, сондай-ақ жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар 2030 жылға қарай ресми құжаттаманың 100 пайызын, теле-радио хабарларының 90 пайызын, білім беру бағдарламаларының мемлекеттік тілде болуын қамтамасыз етуі тиіс. Сөйтіп, 2030 жылға қарай қазақ тілі үстем тілге айналады.

Осыған байланысты жергілікті емес тұрғындардың қазақ тілін белсенді түрде үйренуі өзекті болып отыр. Айта кетерлігі, орта мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының студенттері арасында мемлекеттік тілді меңгеруге деген ынта бар. Өз кезегінде мемлекет тілді меңгеру үшін барлық жағдайды жасап отыр. Әрине, мәселе көзқараста, оқыту әдістемесінде, жұмысты ұйымдастыруда кемшіліктер бар. Ал осыған байланысты (мемлекеттік тілді кеңінен қолдануға) Қазақстанда қыруар істер атқарылуда. Таңдалған жолдың маңыздылығын ескере отырып, біздің еліміз орта мерзімді перспективада бұл бағытта белгілі бір нәтижелерге қол жеткізе алатыны анық.



Г. БАЙДРАХМАНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің басшысы

Бір айта кетерлігі, қазақ тілін танымал ету, кейбіреулер айтқандай, қонақжай қазақ жерін мекендеген сан алуан этностардың бөтен болуына әкеп соқтырмайды. Керісінше, мемлекет құраушы тіл бүкіл халықты біріктіретін басты байлыққа, егеменді мемлекет құрудың берік іргетасына, бүкіл ел халқы бірлігінің негізіне айналғанда диаметральді қарама-қарсы тенденция туындайды. Сонымен қатар, мемлекеттік тілді кеңінен меңгерумен қатар, ұлттық мақтанш сезіміне негізделген қазақ патриотизмінің рөлі мен маңызы арта түсетіні анық. Патриотизм азаматтардың саяси мәдениетінен көрініп, күш-қуаттың, халық бірлігі мен мемлекет тұтастығының қайнар көзіне айналатыны белгілі. Мемлекеттік тілді білу – патриоттық парыз екенін ұғынған отандастарымыздың саны күн санап артып келе жатқандығы қуантарлық жағдай.

КӨЗҚАРАС

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК
АЛАҢЫНДАҒЫ
ЖАҢА САТЫ

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасында жаңадан құрылатын кассациялық сот өз жұмысын бастайды.

Соттар тек Конституция принциптері мен заңдарға бағынады. Кассациялық сот Астана қаласында орналасады, бұрынғыдай әр облыста орналасқан облыстық соттарда болмайды.

Бұл дегеніміз, азаматтардың бұзылған өз құқықтарының қорғалуына сенім ұлғайтады, бұл бірінші және апелляциялық сатылардан кейін соңғы саты болып саналады. Кассациялық сот құрылмай тұрғанда қазіргі жұмыс жасап жатқан кассациялық саты сотына азаматтардың шағымдары түспей тұрып судьялармен алдын ала қаралып кассациялық саты сотында қаралуға жататыны не жатпайтыны туралы шешімдер қабылданатын, соның салдарынан кассациялық сатыға орташа алғанда 5, 10 пайыз ғана істер қаралуға түсетін. Ал қазіргі жаңадан құрылатын кассациялық сотта бұндай жағдай орын алмай шағымдар тікелей кассациялық сотқа түсіп міндетті түрде сонда қаралатын болады.

Сонымен бірге бүгінгі күні кассациялық сот қарауына әзірше жеңіл санаттағы қылмыстық істер, теріс қылық санатындағы істер, ал азаматтық істердің ішінде азаматтар үшін 2000 АЕК, ал заңды тұлғалар үшін 30000 АЕК тен төмен істер жолданбайды, 1 шілде 2027 жылдан бастап бұл шектеулер алып тасталатын болады, қазіргі бастап заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылуда.

Шағымдар тікелей кассациялық сот алқасына судьялармен алдын ала тандаусыз түсетін болады.

Кассациялық сотта істі 3 судья қарайды және істер 6 айдан аспайтын мерзімде қаралып аяқталады. Азаматтар мен заңды тұлға өкілдері бірден кассациялық сотқа жүгіне алады.

Кассациялық сотта азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер қаралады.

Осындай кассациялық соттар бүгінгі күні Франция, Германия, Ресей мемлекеттерінде құрылып жұмыс жасап жатыр.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
Жалағаш аудандық соты әкімшісінің басшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

БІР МҮДДЕ

ОЗЫҚ РЕФОРМАЛАР БАСТАУЫ

ҚР 2024 жылғы 5 шілдедегі №109-VIII заңымен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

Конституциялық заңға енгізілген негізгі өзгеріс бұл кассациялық соттардың құрылуы. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 29-бабының 4-1 тармағына сай, заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі немесе кемінде сегіз жыл судьялық жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде үш жыл судьялық жұмыс өтілі бар азаматтар ғана кассациялық сот судьясы бола алады.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер бойынша тәуелсіз кассациялық соттар өз жұмыстарын бастайды.

Кассациялық соттың өкілеттіктері – сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды; сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бұл жаңашылдықтар бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мәселелерін Жоғарғы Сотқа қалдыра отырып, кассациялық соттарға істерді қарау функциясын бөлу маңыздылығын айқындайды.

Кассациялық соттардың енгізілуіне байланысты Жоғарғы Сот-

тың рөлі сот тәжірибесінің бірлігін қамтамасыз ететін болса, кассациялық соттар сот төрелігін жүзеге асырудың заңдылықты сақтау мәселелерін қарауға, яғни, бірінші және апелляциялық сатыдағы соттармен шығарылған сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеруге бағытталған.

Әр мемлекет кемеліне жеткен заңдарды қабылдауға ұмтылады, Қазақстан да сот төрелігінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ азаматтардың сот жүйесіне сенімін нығайту үшін сот төрелігіне қатысты заңға осындай өзгерістер мен толықтыруларды қабылдап отыр, бұл жүргізіліп жатқан реформалардың сот жүйесінің жұмысын жаңғыртудағы бір ауқымды бөлігі.

Г. НУРТАЗИНОВА,
Зайсан аудандық сотының
төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ТУҒАН ТІЛДІҢ
АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАЙЫҚ!

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі. Ана тіліміздің мәртебесін асқақтату мақсатында сот төрелігін жүзеге асыру барысында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту өзекті.

Соған байланысты аудандық сот 2024 жылдың 12 айында мемлекеттік тілдегі құжат айналымы мен сот актілерінің сапасы бойынша туындайтын мәселелерге назар аударды.

2024 жылы Алға аудандық сотына қазақ тілінде 59 қылмыстық іс түсіп, оның ішінде қазақ тіліндегі қылмыстық істер 37 болған, яғни істердің 62% қазақ тілінде қаралған. Ал қылмыстық 22 іс орыс

тілінде түсіп, қаралған. Азаматтық істер бойынша қаралған 676 істің ішінде 327-сі қазақ тілінде қаралған, яғни бұл істердің 48 % құрайды. Ал, қалған азаматтық істер орыс тілінде түсіп, қаралған. Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша 909 әкімшілік іс түсіп, оның ішінде 603 іс қазақ тілінде түсіп, қаралған, бұл істердің 66 %-ы деген сөз. Ал орыс тілінде 306 іс түсіп, қаралған.

Әкімшілік істер бойынша 3 әкімшілік іс қазақ тілінде түсіп қаралған. Ал орыс тілінде 2 арыз түсіп, қаралған.

Осы ретте Алға аудандық соты мемлекеттік тілді насихаттау және оның қолданылу аясын кеңейту бағытында жиі іс-шаралар өткізеді, мақалалар жариялайды. Мысалы,

«Мемлекеттік тілдің дамуы», «Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуы» тақырыптарында семинар сабақтар мен дәрістер жиі оқылып тұрады.

Сот өндірісінде мемлекеттік тілдің қолданылуы әлі де болса жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді. Өзге ұлттың өкілдері ғана емес, сотқа шағымданатын өз қандастарымыздың басым көбі орыс тілінде арызданып жатады. Кейбір жағдайларда сот өндірісіне арыз орыс тілінде түскенімен, істі сот мәжілісінде қарау барысында, сотқа қатысушылар пікірін қазақ тілінде жеткізеді. Оған басты себеп, ең алдымен өндіріске түскен арыздардың орыс тілінде рәсімделуінен. Тәжірибе көрсеткендей сотқа жүгіну тілі әр уақытта талапкердің мүддесіне сай келе бермейді. Орыс тілін өзі толық меңгермеген азамат сотқа орыс тілінде жүгініп жатады. Тіл таңдауда азаматтардың көбінесе тергеуші мен қорғаушының немесе сенім хат арқылы сотқа қатысатын заңды өкілдердің ығында кететінін осы кезде айтпай кетуге болмас.

Сондықтан қай салада болмасын мемлекеттік тіл мәртебесінің артып, өрісінің кеңеюіне ең алдымен қарапайым азаматтардың өздері мүдделі болуға тиіс. Елімізде туған тілдің абыройын асқақтату әрқайсысымыздың абзал борышымыз. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, өрісін кеңейту мақсатында білім алып, аянбай еңбек етуіміз керек.

Ж. КУНАЕВА,
Алға аудандық сотының
судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

ШЕШІМНІҢ САПАСЫ МЕН
ЗАҢДЫЛЫҒЫ АРТАДЫ

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап еліміздің сот жүйесінде ауқымды өзгеріс жүзеге асады. Ел азаматтарының әділ сотқа қол жеткізу құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында елімізде үш дербес кассациялық сот өз жұмысын бастайды. Бұл – ел тарихындағы сот реформасының жаңа кезеңі.

Енді азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша кассациялық шағымдар Астана қаласында орналасатын жеке кассациялық соттарда қаралатын болады. Бұған дейін мұндай істер Жоғарғы Соттың құрамындағы кассациялық алқаларда қаралып келген.

Сот жүйесіндегі бұл жаңашылдықтың басты мақсаты – сот төрелігін сапалы әрі әділ жүзеге асыру. Сонымен қатар, реформа арқылы Жоғарғы Сот нақты істерді қараудан босатылып, тек сот практикасының бірқелкілігін қамтамасыз ету міндетін атқарады.

Сот органдарының хабарлауынша, жаңа кассациялық соттардың құрылуы бірнеше маңызды мәселелерді шешеді:

- азаматтар мен заңды тұлғалардың сот шешімдеріне шағым беру мүмкіндігі кеңейеді;
- сот шешімдерінің сапасы мен заңдылығы артады;
- азаматтардың сотқа деген сенімі нығаяды;
- судьялар нақты салада мамандандырылып, сот төрелігін тиімді жүзеге асырады.

Жаңа құрылымға сәйкес, судьяларды іріктеу ашық әрі әділ негізде өткізіледі. Бұл – сот жүйесінің кәсібилігі мен адалдығын арттыруға бағытталған маңызды қадам.

ҚР Конституциялық Сотының және Жоғарғы Соттың өкілдері бұл реформаның халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін және инвесторлар мен шетелдік серіктестер үшін де құқықтық сенімділікті нығайтатынын атап өтті. Түйіндеп айтқанда, 2025 жылдың 1 шілдесінен басталатын жаңа кезең – сот жүйесін заманауи талаптарға сай жаңғырту жолындағы маңызды қадам. Бұл өзгеріс тек құқықтық орта үшін емес, тұтас қоғам үшін оң серпін беретіні сөзсіз.

Ж. КАРИМОВ,
Бәйтерек аудандық соты
әкімшісінің басшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

Заң дискурсы мен сот лингвистикасы құқық қолдануда шешуші рөл атқарады, өйткені сот процестерінің нәтижесі, құқықтық айқындық және сот өндірісіне қатысушылардың мүдделерін қорғау тұжырымдардың дәлдігіне тікелей байланысты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АЙҚЫНДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРДЫҢ ДӘЛДІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ

Құқықтық мәтіндердегі кез келген дәлсіздік немесе көпмәнділік әртүрлі түсіндірмелерге жол ашып, құқық қолдану тәжірибесіне елеулі әсер етеді. Соңғы онжылдықтарда заң дискурсына деген қызығушылық арта түсті. Бұл заңнамалық процестердің ашықтығын қамтамасыз ету, құқықтық нормалардың екіұштылығын жою және сот шешімдерінің тиімділігін арттыру қажеттілігімен байланысты. Сонымен қатар, сот лингвистикасының ғылым ретінде дамуы жасырын тілдік манипуляцияларды анықтауға және істерді әділ қарастыруға ықпал етеді. Құқық қолдану тәжірибесіндегі дәлсіздіктердің алдын алу және сот процестерінің әділдігін қамтамасыз ету мақсатында заң тілі мен сот лингвистикасының өзара байланысын зерттеу аса маңызды.

Заң дискурсы – құқықтық салада қолданылатын сөйлеу тәжірибелерінің жиынтығы. Ол нормативтік құқықтық актілерді, сот шешімдерін, шарттық құжаттарды, адвокаттар мен прокурорлардың риторикасын, сондай-ақ куәгерлер мен сарапшылардың сөздерін қамтиды. Заң дискурсының басты ерекшеліктеріне формалдылық, логикалық құрылым, құқық нормаларын қатаң сақтау және бірмағыналы түсіндіру және істерді жатады. Дегенмен, заң тілінде жиі кездесетін көпмәнді сөздер мен ұғымдар құқықтық қайшылықтарға алып келуі мүмкін. Бұл мәселе заңнаманың жиі өзгеруі және жаңа құқықтық категориялардың пайда болуымен өзекті



Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,
«ҚР Жоғарғы Сотының
отставкадағы судьялар» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Құрметті судьясы,
Қазақстан Судьялар
одағының Құрметті мүшесі

Қазіргі уақытта сот процестерінің көбі электрондық форматқа көшуде, бұл құқық қолдану тілін өзгертуде. Құжаттарды автоматтандырылған жүйелермен талдау заң мәтіндерімен жұмысты жылдамдатуға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге мәліметтерді дұрыс түсіндіру бойынша жаңа қиындықтар туғызады. Жасанды интеллект құқықтық нормаларды талдай алады, бірақ оны пайдалану заңгерлердің бақылауын қажет етеді, өйткені алгоритмдер құқықтық контексті дұрыс түсінбеуі мүмкін.

қолдану іс барысына қалай әсер ететінін анықтауға болады.

Мемлекеттер қоғамды бақылау және басқару үшін күрделі заң терминологиясын қолданған. Бұл заңдардың тар мамандар тобына ғана түсінікті болуы, ал қарапайым азаматтар үшін күрделі болып көрінуімен байқалады. Осылайша, заң дискурсы әлеуметтік теңсіздік құралына айналуы мүмкін, себебі құқықтық сауаттылықтың болмауы азаматтардың құқықтық қорғау алу мүмкіндігін шектейді. Бұл әсіресе құқықтық мәдениеті төмен елдерде айқын байқалады, онда күрделі және түсініксіз заңнамалық жүйе халыққа өз құқықтарын қорғауда қиындықтар тудырады. Құқықтық сауаттылық бойынша білім беру бағдарламаларын енгізу құқықтық қорғау қолжетімділігін кеңейтудің тиімді тәсілі болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта сот процестерінің көбі электрондық форматқа көшуде, бұл құқық қолдану тілін өзгертуде. Құжаттарды автоматтандырылған жүйелермен талдау заң мәтіндерімен жұмысты жылдамдатуға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге мәліметтерді дұрыс түсіндіру бойынша жаңа қиындықтар туғызады. Жасанды интеллект құқықтық нормаларды талдай алады, бірақ оны пайдалану заңгерлердің бақылауын қажет етеді, өйткені алгоритмдер құқықтық контексті дұрыс түсінбеуі мүмкін.

Дәлсіздік пен екіұштылық заңның әртүрлі түсіндірмелеріне әкеліп, құқықтық белгісіздік тудырады. Бұл құқықтың бұрмалануына, сот тәжірибесінің күрделенуіне, адвокаттар мен судьялардың жұмысын қиындатуға себеп болуы мүмкін.

Тарихи тұрғыдан көпмәнділікпен күрес ежелгі дәуірден бастау алған. Ежелгі Римде заңдар ең түсінікті тілде жазылып, екіұштылықтың алдын алуға тырысқан. Орта ғасырларда құқық саласында латын тілі қолданылды, себебі ол ұлттық тілдерге қарағанда дәлірек деп есептелді. Алайда ұлттық заңнаманың дамуы қоғам қажеттіліктеріне бейімделу қажеттілігін туғызды, бұл жаңа мәселелерді әкелді.

Құқықтық дискурс пен сот лингвистикасы құқық қолдану қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заң мәтіндерінің нақтылығы, екіұштылықтың болмауы және құқық нормаларын кәсіби талдау әділі әрі тиімді құқықтық жүйенің қалыптасуына ықпал етеді. Азаматтардың құқықтарын қорғауға және сот төрелігінің әділдігін қамтамасыз етуге ұмылған мемлекеттер заңнамалық нормалардың дәлдігін арттыру және сот процестерінде лингвистикалық сараптаманы енгізу бойынша шаралар қабылдауы қажет.

БАСТАМА

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ – КӨПШІЛІК ҰСЫНЫСЫ МЕН ТІЛЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

Сот саласындағы реформалардың түпкі мақсаты – азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға, халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға бағытталған. Сондықтан, кез келген реформаны қолға аларда азаматтардың пікірі мен қалауы басты назарда тұрады. 1 шілдеден бастап жұмысын бастағалы отырған үш дербес кассациялық соттардың құрылуына да қарапайым халықтың тілек, талабы ықпал еткені белгілі.



Бұған дейін кассациялық саты «таңдап қарау» әдісін басшылыққа ала отырып жұмысын жүргізді. Яғни, кассациялық сатыға түскен істер мен материалдар бір судьяның іріктеп, таңдауынан өткен соң ғана алқаның қарауына ұсынылды. Мұндай әдіс көптеген арыз-шағымдардың қаралмауына түрткі болды. Өйткені, статистика көрсеткендей «таңдап қарау кассациясы» кезінде істердің тек 5 пайызы ғана судьялар алқасының қарауымен таразыланды. Бұл әрине, ел тұрғындарының орынды ренішін тудырды.

Біз құқықтық, зайырлы мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Ал мұндай мемлекетте кез келген түйткілдің ашық алаңдарда талқыланып, оң мен терісі сараланып, дұрыс шешім қабылданатыны қалыпты үрдіс. Жаңа кассациялық соттардың құрылуы да – сол көпшілік талқысы мен ұсынысының жемісі. Дәл осы өзгерістің орын алуына Мемлекет басшысының өзі мүдделілік танытып, құзырлы органдарға тапсырма бергеніне баршамыз куәміз.

Осы тапсырмаға орай қазақстандық сотта үлкен ізденістер жүргізіліп, қоғам қажеттілігіне, азаматтар тілегіне толық жауап беретін кассациялық соттың үлгісін жасау бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Шетелдегі кассациялық соттардың жұмыс әдісі, нәтижесі, тиімді тұстары зерделеніп, түрлі ұсыныстар көпшілік талқысына салынды. Сот судьяларының, ардагер судьялардың қатысуымен өткен жиындарда кассациялық соттың жаңа моделін қалыптастыруға байланысты түрлі

пікір, көзқарастар ортаға салынды. Мұндай талқылаулардан прокуратура, адвокатура өкілдері мен еліміздің белгілі заңгерлері, ғалымдар мен қоғамдық ұйым өкілдері де тыс қалған жоқ. «Ақиқат таластан туады» демекші, бүгінгі кассациялық соттар осындай үлкен ізденістер мен пікір алмасу нәтижесінде пайда болғанын айта кеткен орынды.

Кассациялық соттың Жоғарғы Сот ұсынған моделіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та көңілі толатынын атап өтті. Республика судьяларының IX съезіне арнайы қатысқан Мемлекет басшысы: «Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Енді Жоғарғы Сот органы сот практикасының бірыңғай болуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне алаңсыз кірісе алады», – деді.

Міне, Президенттің оң бағасын алған дербес кассациялық соттардың да жұмысын бастауына санаулы уақыт қалды. Бүгінде жаңа бастаманың артықшылығы мен игілігін түсіндіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Жаңа кассациялық соттар ел үмітін ақтайды деп сенеміз.

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қаласы №2 сотының
төрағасы

ПІКІР

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ



Азат ӘБДІРАЗАҚОВ,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

Азаматтық іс жүргізу – азаматтық істерді сотта қараудан және шешуден тұрады. Іс жүргізудің маңызды құрамдас бөлігі – дәлелдемелер болып табылады.

Дәлелдемелер – сот солардың негізінде тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар немесе жоқ екендігін анықтайтын заңды тәсілмен алынған фактілер туралы мәліметтер.

Сот ісін қарау барысында дәлелдемелер көмегімен істің фактісін мән-жайларды анықтап және қолдануға жататын материалдық нормаларға сүйене отырып, сот ішкі наным мен субъективтік құқықтар және міндеттер туралы шынайы қорытындыға жетеді.

Азаматтық істер бойынша фактілік мән-жайларды дәлелдейтін дәлелдемелерді дұрыс зерттеу – көптеген материалдық және процессуалдық құқық қағидаларының бұзылуына алып келеді. Соның нәтижесінде, мұндай істер бойынша шығарылған сот актілерінің күші жойылуы мүмкін.

Азаматтық істер бойынша фактілік мән-жайларды дәлелдейтін дәлелдемелерді дұрыс зерттеу – көптеген материалдық және процессуалдық құқық қағидаларының бұзылуына алып келеді. Соның нәтижесінде, мұндай істер бойынша шығарылған сот актілерінің күші жойылуы мүмкін.

Дәлелдемелерді ұсыну – тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғаларға міндетті. Онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Іске қатысушылар ұсынған дәлелдемелерді сот қатыстылығына, жарамдылығына және анықтығына қарап бағалайды. Егер дәлелдеме іс үшін маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы түйіндерді растайтын, теріске шығаратын не оларға күмән

келтіретін фактілер туралы мәліметтер болса, сот дәлелдемені іске қатысты деп таниды. Яғни, кез келген дәлелдеме қаралып жатқан іске тікелей не жанама түрде қатысты болуы шарт.

Егер дәлелдеме заңды түрде, сондай-ақ дыбыс, бейнежазбалар, оның ішінде байқау және тіркеу аспаптарымен алынса, фото және киноға түсіру материалдары, электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдар жарамды деп саналады. Ал тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, онда ол – анық деп есептеледі.

Судья істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ұяқты басшылыққа алады. Сот үшін ешқандай дәлелдемелердің күні бұрын белгіленген күші болмайды. Сондықтан сот ісін жүргізуде нақты фактілер, заңды түрде алынған әрі анық дәлелдемелер ғана жарамды болып табылады.

Ал, жалпыға бірдей белгілі деп таныған мән-жайлар; заңды күшіне енген сот актілерімен және заңға сәйкес анықталған деп болжанған фактілер; қазіргі заманғы ғылымда, техникада, өнерде, кәсіпшілікте жалпыға бірдей қабылданған зерттеу әдістерінің дұрыстығы; адамның заңды білуі не өзінің қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі дәлелдеуге жатпайтынын ескерген жөн.

Абай Құнанбайұлы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған, ұлттық руханияттың шамшырағы болған тұлға. Оның терең ойлы өлеңдері, философиялық қара сөздері, аудармалары мен әндері – халықтың рухани байлығы.

Абайдың 180 жылдығы – біз үшін тек еске алу емес, қайта ойлану. Біз Абай айтқан биік парасатқа, шын адамгершілікке ұмтылуымыз керек. Абай – өткеннің емес, келешектің ақыны. Оның мұрасы – бүгінгі және

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАСТАУЫ

Қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, рухани-адамгершілік негізін қалыптастыруда Абай Құнанбаевтың орны айрықша. Абай – ақын ғана емес, сонымен қатар философ, ойшыл, ағартушы. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік және рухани дағдарыстарға үн қатқан бірегей тұлға. Ақынның шығармашылығы адам мен қоғам арасын байланыстырады, білім мен тәрбиенің маңызын тереңнен зерттеп көрсетеді.

Абайдың рухани мұрасын екі негізгі бағытта қарастыруға болады: көркем әдебиеттегі адамгершілік ұстанымдар және қара сөздеріндегі философиялық толғаныстар.

Ақынның поэзиясында тәрбиелік мәні зор идеялар – еңбек, білім, әділет, махаббат секілді ұғымдар өлмейтін өзекті тақырыптар. Ол адам бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынап отырып, қоғамды жетілдірудің жолын ұсынады. Абай: «Бес нәрсеге асық бол – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – бес асыл іс көнсеңіз...» деп, адамгершілік қасиеттерді нақты атап көрсетеді.

Ақынның қара сөздері – қазақ әдебиетіндегі философиялық прозаның ерекше үлгісі. Бұл шығармаларында Абай жеке адам мен қоғамның арақатынасын, адам табиғаты мен ішкі жан дүниесін, дін мен ғылым арасындағы байланысты терең саралайды. Мысалы, он жетінші қара сөзінде ол: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» дей отырып, адамның жан-жақты жетілуін мақсат етеді. Бұл – оның «толық адам» концепциясының негізі еді.

Абай шығармашылығындағы білім мен ғылым тақырыбы ерекше маңызға ие. Ол халқын нағандықтан арылып, өркениетті қоғам құруға шақырды. жиырма бесінші қара сөзінде: «Ғылым – Алланың

бір сипаты, ол – хақиқат, шындық, ғылыми жолмен ғана шындыққа жетуге болады» деп жазды. Бұл – Абайдың ағартушылық бағыттағы ұстанымының дәлелі.

Сонымен қатар, Абайдың аудармашылық қызметінде арқылы рухани көкжиегі де кеңейе түсті. Ол Пушкин, Лермонтов, Гете секілді бізге орыс классиктерін қазақ оқырмандарына таныстырып, ұлт әдебиетінің дүние-ежелік деңгейге шығуына даңғыл жол ашты.

Абай Құнанбаевтың рухани мұрасы – қазақ халқының адамгершілік, моральдық және интеллектуалдық дамуының іргетасы. Оның қалдырған өсиеттері бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Абайдың шығармалары арқылы біз ұлт ретінде өзін-өзі танауға, рухани жаңғыруға, білім мен мәдениетті қастерлеуге ұмтыламыз. Сондықтан Абай мұрасы – өткеннің ғана емес, бүгін мен болашақтың да темірқазығы.

Абайдың рухани ілімі тек әдеби немесе философиялық шеңбермен шектелмейді. Ол – ұлттық тәрбие жүйесінің өзегіне айналған тұлға қалыптастыруда қолдануға болатын әмбебап тұжырымдама. Бүгінгі заманауи қоғамда жастар тәрбиесі, рухани жаңғыру, ұлттық болмыс мәселелері күн тәртібінде тұрған шақта Абай идеялары – терең мазмұнды, өміршең бағыт-бағдар. Оның мұрасын заманауи білім беру жүйесіне енгізу арқылы ұлттық сана мен адамгершілік құндылықтарды нығайтуға болады.

Айгүл САДУАКАСОВА,
Жарма аудандық сотының
судьясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ



ТӘРБИЕ МЕН ТАҒЫЛЫМ МЕКТЕБІ

2025 жыл – қазақ халқы үшін тағылымы терең тарихи белес. Биыл ұлтымыздың ұлы ойшылы, ақыны және ағартушысы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл – тек бір тұлғаның ғана емес, бүтін бір ұлттың рухани жаңғыруына себепкер болған елдің тойы.

Абай – қазақ әдебиетінің жаңа дәуірін ашқан, ұлттық сананы оятқан кемеңгер. Ол өз заманындағы нағандықты, жалқаулықты, рушылдық пен әділетсіздікті батыл сынға алып, ұлтты биік мұратқа жетеледі. Оның әрбір өлеңі мен қара сөзі – тәрбие мен тағылым мектебі.

Абай – аудармашы. Ол Пушкин, Лермонтов, Гете, Крылов шығармаларын қазақша сөйлетіп, ұлттық әдебиетті әлемдік әдебиетпен ұштастырды. Бұл – тұтас халықты әлемдік өркениетке жақындатқан тарихи еңбек еді. Абайдың аудармаларында тек тіл емес, терең мағына, жаңа ой мен жаңа эстетика көрініс тапты.

Абай – ағартушы. Ол өз өлеңдері арқылы халықты оқу-білімге, ғылымға, еңбекке баулыды. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» сынды өлеңдері жастарды ізденіске, пайдалы әрекетке тәрбиелейді. Абайдың бұл үндеуі қазіргі білім мен технология дәуірінде де аса өзекті.

«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген Абай ұраны бүгінгі қоғам үшін де аса өзекті. Ақын ұсынған «толық адам» концепциясы – білімділік, еңбекқорлық, адамгершілік пен әділеттілікті бір арнаға тоғыстырған кемелдік ілімі. Бұл ілім – қазіргі ұрпаққа жол сілтейтін темірқазық.

Абайдың 180 жылдық мерейтойы аясында республика көлемінде түрлі мәдени-ғылыми шаралар қолға алынды. Ұлттық кітапханаларда көрмелер, оқу орындарын-



А.ТЛЕГЕНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты әкімшісінің бас маманы,
сот отырысының хатшысы

да, мемлекеттік мекемелерде Абай оқулары өтуде. Шетелдерде де қазақ елшіліктерінің ұйымдастыруымен Абай мұрасын насихаттау кеңінен жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің мақалаларында Абай шығармашылығының ұлт болашағындағы рөлін ерекше атап өтіп:

«Абайдың идеялары – қазіргі Қазақстан қоғамының басты құндылықтарымен үндес», – деген болатын.

Бұл – Абайдың тек өткеннің емес, бүгіннің және ертеңнің де тұлғасы екенін көрсетеді.

АБАЙ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУ – ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТУ

Абайдың шығармаларында ел бірлігі, ғылым-білімге ұмтылу, адалдық, адамгершілік сынды тақырыптар терең қозғалады. Ол халқын өнер-білімге үндеп, нағандықпен күресті. Абайдың қара сөздері бүгінгі күнге дейін өзекті, себебі олар адамның ішкі жан дүниесін, мінезін, өмірлік қағидаларын сипаттайды. Қара сөздеріндегі адам болмысы, мінез-құлық, ұлттық тәрбие, дін мен ғылымның маңызы терең талданады. Әсіресе, жетінші қара сөзіндегі «Жас бала анадан тұғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл не?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көр-

ген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді.

Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен...» деген ойлары қазіргі қоғамға да айна. Абай айтқан: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» – деген жолдар қазір де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абай мұрасын насихаттау – ұлттық сананы оятудың үлкен жолы. Осы орайда халық та, билік те, жастар да Абайға қайтадан жаңаша үңіліп жатыр деуге болады.

Мерейтойға байланысты елімізде өткізіліп жатқан көптеген мәдени және рухани іс-шаралар қазақ халқының асыл мұраға деген құрметті арттырып, жастарды Абай іліміне, оның қара сөздері мен өлеңдеріне қайта үңілуге себеп болды. Абайдың ілімі – тек өткеннің емес, қазіргі мен болашақтың да темірқазығы. Ол ұлтты оятуға, сананы жаңғыртуға үндейді. «Ғылым таппай мақтанба», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Сен де бір кірпіш дүниеге» сияқты туындылары – мәңгілік мағынаға ие рухани нұсқаулық.



ертеңгі ұрпақтың жол сілтер жарық жұлдызы.

Ш. КАЛДЫБАЕВА,
Семей қаласының
мамандандырылған
ауданаралық
тергеу соты әкімшісінің
басшысы

ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫНАСЫ

Наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай, «Мен осыдан бес жыл бұрын ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай Семейде абайтанушы ғалымдармен кездестім, сол кезде Абай институтын құру туралы ұсыныс айттым. Бүгінде бұл бастама цифрлық платформа форматында іске асырылды, яғни біздің диаспоралар мен басқа да шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы ретінде жұмыс істеп тұр. Енді осы жобаны толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру қажет. Бұл құрылым Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты жұмыс істеуі керек. Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуға тиіс. Бірқатар елде, мысалы Қытай, Түркия, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде осындай орталықтар ашылатын болды» деген болатын.

Осы тұрғыда, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, ұлы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына деген қызығушылықты арттыру және мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының тілдерді оқыту орталығымен бірлесе отырып, шаралар өткізіп келеді. Соның бірі, аталған мекеме оқытушысымен судьялар мен мамандардың арасында ақынның шығармаларын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқу, қара сөздерінің мағынасын кеңінен ашу бойынша көрнекі құралдарды пайдалана отырып, танымдық сабақ өткізілді. Онда қатысушылар ақынның дүниетанымын кеңінен таныды.

Қазақтың алтын қазынасы Абай атамизды қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, композитор, классик ақын, ел басқарудың жүгін қайыспай көтерген нар тұлғалы қоғам қайраткері деп білеміз. Абайтанушы ғалымдар Абай Құнанбайұлын заңгер ретінде де жалпақ жұртқа таныстырған, атамиз өз заманының заңгері, халықтың әдет-ғұрып заңдарын түптеп білген айтулы биі болған. Оның бір белгісі – Абай жазған «Шар ережесі». Бұл ережеде 160-қа жуық баб болған. Абайдың өз дәрежесінде жазған заңы қазақ топырағында сол кездегі

Семей, Өскемен өңіріне, Жетісуға, сондай-ақ, Қытай өлкесіне тараған.

Абай атамиздың шығармаларын дәріптеп, өлеңдерін, қара сөздерін білу әрбір қазақ үшін мақтаншыл деп білемін. Әрбір қара сөздерінің мән-мағынасын ашып қарасаңыз, қаншама ой, қаншама мағына жатыр десеңізші? Атамиздың мұрасы бүкіл адамзат баласының рухани азығы болары сөзсіз деген тілекпен, өзіміз жүрекжарды өлеңімді де арнаймын:

Баға жетпес ұлы ақын ойшылға,
Әрбір өлең, қара сөзінде ой-сыр бар.
«Өлең сөздің патшасы» деп жырлаған,
Қазағымда «Абай» деген ақ жыр бар.

Нар тұлғалы біздің Абай атамиз,
Айтулы би, заңгер деп те жатамыз.
Жазған заңы қазақ еліне нәр берген,
«Төбе би» деп ұлы ақынды айтамыз.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
бас маманы

жастардың тәрбиесіне, рухани жан дүниесінің дамуына үлкен әсер етеді.

Абай шығармашылығының қазіргі қоғамда қандай маңызы бар екендігін түсіну үшін оның көркемдігіне, терең философиясына және ұлттық санаға қосқан үлесіне назар аудару қажет. Абайдың шығармалары жас ұрпаққа рухани байлық, ізгілік, білім мен тәрбие туралы құнды дүниелерді ұсынады.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы – қазақ халқы үшін маңызды оқиға. Бұл мерейтой ақынның шығармашылығын кеңінен насихаттауға, ұрпақтарға Абайдың мұрасын жеткізуге зор мүмкіндік береді. Абайдың бізге қалдырған өлеңдері мен қара сөздері мәңгілік құндылық болып қала бермек.

Ол – тек қазақтың ғана емес, бүкіл әлемнің рухани мұрасына қосқан асыл қазынасы!

Ә.МАНАБАЕВ,
Семей қаласының
мамандандырылған
ауданаралық
тергеу сотының
аға сот приставы

ІЗГІЛІК ПЕН ІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Абай өз шығармаларында қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, рухани әлемін сипаттап қана қоймай, сонымен қатар, халықтың ой-санасын оятып, оларды жаңалыққа, білімге, әділдікке шақырды. Оның шығармаларында ұлттық рух, адамгершілік, достық, білімнің маңызы кеңінен көрініс тапты. Абай өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының әдеби дәстүрін байытып, өз ұлтының болашағына деген жауапкершілікті сезіндірді.

Абайдың шығармашылығында ақындық пен философияның терең байланысы байқалды. Ол өлеңдерінде тек адамзаттық мәселелерді ғана емес, сонымен қатар, моральдық және этикалық мәселелерді де қозғады. Ақынның қара сөздері оның философиялық ойларын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Абай қоғамның жамандықтарына, теңсіздігіне, нағандығына қарсы шықты, әрі бұл мәселелерді көтерген ең алғашқы қазақ ойшылдарының бірі болды. Абайдың рухани мұрасы. Абайдың шығармашылығында ұлылардың өмірі мен

тағдыры туралы терең ойлар, ұлттық болашағы мен дамуы туралы пайымдаулар көрініс тапқан. Оның қара сөздері мен өлеңдері қазіргі уақытта да өзектілігін жоймаған. Ақынның «Толық адам» концепциясы, оның білім мен тәрбиеге деген көзқарастары қазақ қоғамы үшін өзекті болып отыр.

Абай қазақ поэзиясына жаңа бағыт әкелді, оның шығармаларының мазмұны мен мәні тек қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымына ғана емес, жалпы адамзатқа да ортақ. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері бүгінгі таңда да

ӨНДІРІС

СЕНІМ. САПА. ЖЕТИСТІК

Құрылыс жабдықтарын өндіруші әйгілі LUGA ABRASIV зауытының ресми диллері саналатын Алматы облысындағы «Арон и К» компаниясының тарихы 2002 жылдан басталады.



Алғашқы 15 жылдық кезеңде тәжірибе жинақтап, серіктестікті дамыту және кәсіби құралдар индустриясының ұңғыл-шұңғылына терең бойлауға жұмсалды. Бас болмақ оңай, бастамақ қиын дегендей 2017 жылы компания басшысы Нұрлан Аронұлы Каскадамов батыл шешім қабылдап, ALMATY ABRASIV брендімен абразив өнімдері өндірісін іске қосты. Осылайша құрылыс құралдары нарығында отандық жаңа ойыншы пайда болды.

Осылайша жаңа кезең басталды. Ол – тәуелсіздікке, жаңашылдыққа және нарықтағы көшбасшылыққа жол ашты.

Құрылыс материалдары мен кәсіби құралдар саласында үздік шешімдерді ұсынуға ұмтылған «Арон» командасы маңызы зор миссияны өзіне алды. Ол – заманауи технологиялармен жасалған халықаралық стандарттарға сай жоғары сапалы өніммен нарықты қамтамасыз ету.

Компания бөлшек сауда бағытын белсенді дамытып, жай ғана дүкен емес, «Арон и К» атауымен нағыз жабдықтау орталығын құрды. Алматы облысы, Талғар ауданы, Жалқамыс ауылында орналасқан орталық кәсіби құрылысшылар мен мердігерлерге ғана емес,

сонымен қатар жөндеу немесе құрылыс жұмыстарын бастаған жеке тұтынушылардың да сенімді тірегіне айналды.

«Тәуекел түбі желқайық, өтесің де кетесің...» дегендей дамудың жаңа кезеңін сәтті бастаған кәсіпкер 2023 жылы жаңа жабдықтар сатып алып, айналым қаражатын толықтыру үшін Қазақстан халық банкі арқылы 21,75 пайызбен несиені алды. Сабакты ине сәтмен демекші «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында «Даму» қоры бұл несиенің 13,75 пайызын ішінара субсидиялады. Соның нәтижесінде отандық өндіріс иесі қарызының тек 8 пайызын ғана төлеуге мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда «Арон и К» – бұл жай ғана дүкен емес. Бұл – сенім, сапа және үздік болуға ұмтылыс арқылы құрылған табыс тарихы. Бұл – құрылыс пен жөндеудің барлық кезеңдерінде тұтынушылардың сенімді серіктесіне айналды. Оның ұсынатын өнімдер каталогында: Металл кесу дөңгелектері; металл ажарлау дөңгелектері; жапырақты шеткі доңғалақтар; алмаз, ара қалақшалары; керамикалық жапсырылған ажарлау дөңгелектері; құрылыс химиясы; кескіндеме құралдары; бау-бақша құралдары; жеке қорғаныс құрылғысы; электр құралдарына арналған жабдық, пышақтар; сандпапер; техникалық маталар мен қаптар бар.

С.ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДӘРІС

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ОРТАҚ

Талдықорған қаласындағы А.С. Макаров атындағы №6 орта мектепте оқушыларға арналған есірткіге қарсы профилактикалық дәріс өтті. Шара Жетісу облысында жасөспірімдер арасындағы есірткіге қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу және жазғы демалыс кезінде профилактикалық шараларды күшейту аясында ұйымдастырылды.

Дәрісті полиция қызметкерлері облыстық психикалық денсаулық орталығының нарколог-дәрігерімен бірге өткізді. Мамандар оқушыларға зиянды әдеттерге қарсы тұрудың психологиялық жолдарын, ішкі мотивацияны арттыру және күйзелісті еңсеру тәсілдерін түсіндірді.

– Жастармен алдын алу жұмысын неғұрлым ерте бастау өте маңызды. Біз тек ақпарат беріп қана қоймай, есірткіге деген сыни көзқарас қалыптастыруға тырысамыз, – деді Кеңес өкілі.

Бүгінде Қазақстан бойынша есірткі құқықбұзушылықтарының алдын алу жөніндегі 75 өңірлік кеңес жұмыс істейді. Олардың міндеті – ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жергілікті жерде қолдау көрсету.

Дәріске 97 оқушы қатысты. Мұндай кездесулер оқушылардың денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты саналы көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

С.ӘЙТЕНОВА
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «АҚ БҰЛАҚ» Алматы облыстық ұйымы Ұйғыр аудандық кәсіподақ комитеті» ҚБ филиалы (БСН 240241016601, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, А.Т.Мамбеталиев көшесі, 7-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, А.Қадыров көшесі, 58-үй. Тел. 87086042500.

5. «Мамыт АЕ» ЖШС ұйымы (БСН 220740026231, ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 34-шағын ауданы, 16-үй, 16-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұңайлы ауданы, Баянды ауылы, 316-учаске көшесі. Тел. 87775301100.

6. «ALASH DKBR» ЖШС (БСН 221240021116) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82-үй, тел. 87055847900.

7. «SHANYRAK INVESTMENT» ЖШС (БСН 160440016557) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Бақтыгерей Құлманов көшесі, 111А құрылыс.

10. «Шарбұлақ ауылының ерікті өртке қарсы және авариялық-құтқару құрылымы» қоғамдық бірлестігі (БСН 240440014092) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарбұлақ а/о, Шарбұлақ ауылы, Т.Батырбеков көшесі, 21-ғимарат, пошта индексі 160318.

11. «Пчёлка Майя» қоғамдық қоры (БСН 191140001813) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Назарбаев даңғылы, 227-үй, 51-пәтер.

15. «ADAM CLINIC» ЖШС Алматы филиалы (БСН 230441003126) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 106, тел. 87787350101.

16. «ИНЖИНИРИНГ СОЛЮШАНС» ЖШС (БСН 231040037444) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 105 үй, 56-пәтер, тел. +77016529698.

17. «Горняк Такси» ЖШС (БСН 210540026084) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Рудный қаласы, Космонавтов даңғылы, 10, 1-кеңсе, тел.+77776296556.

ӨРТУРА

2. Батыс Қазақстан облысы Бурлин аудандық сотында азаматтық іс қозғалды. Іс азамат Селиванова Галина Борисовнаның талап-арызы бойынша қаралды. Ол Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Бурлин ауданы, Облақва ауылы, Клубная көшесі, 2-үйде тұрады. Арызда азамат Морозов Сергей Сергеевичті хабар-ошарсыз кеткен деп таны сұраған. Ол 1985 жылғы 28 ақпанда туған, Украина, Дебальцев ауданы, Мироновка ауылының тұрғыны.

С.С. Морозовтың тұрған жері немесе ол туралы басқа да мәліметтер белгілі болса, Бурлин аудандық сотына хабарлауыңызды сұраймыз. Мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Бурлин ауданы, Ақсай қаласы, Әл-Фараби көшесі, 72-үй. Электрондық пошта: 711-2664@sud.kz, Телефон: 8 (71133) 2-06-80.

3. «PATRIOT 1986» қоғамдық бірлестігінің (БСН 200240038937) мөрі жарамсыз деп танылсын.

12. Қоғамдық тыңдаулар!
«ГМК «Васильевское» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: «Васильевское алтын кен орнының (Тихая аймағы) тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсері туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а.о. Жұмыс учаскесінің ауданы 0,44 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49.438.4300» сш, 81.3636.19998»; 2. 49.435.0000»сш, 81.3610.0000»вд; 3. 49.426.51996»сш, 81.369.99998»вд; 4. 49.430.03941»сш, 81.363.79121»вд; 5. 49.434.99982»сш, 81.363.99987»вд; 6. 49.449.54377»сш, 81.3531.13039»вд; 7. 49.455.79198»сш, 81.3545.13413»вд; 8. 49.452.39741»сш, 81.368.34977»вд; 9. 49.445.40000»сш, 81.3616.6600»вд.

Қоғамдық тыңдаулар 20.06.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 20.06.2025 жылы сағат 10:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/71590849939?pwd=KbEaXUFRanZlN25mYVdRNEhEWzdt0.1> Конференция идентификаторы: 715 9084 9939, кіру коды: 7w6RjP. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyu-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГМК «Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел. +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 (777) 414-90-10.

13. Қоғамдық тыңдаулар!
«Бөке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Жобалық құжаттаманың атауы: Қойтас учаскесін жою жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жұмыс учаскесінің ауданы 1,6 км2 құрайды. Координаттар: 1. 49° 4'19.13»сш, 81°34'26.60»вд; 2. 49° 4'18.73»сш, 81°35'45.60»вд; 3. 49° 3'47.25»сш, 81°35'45.23»вд; 4. 49° 3'47.65»сш, 81°34'26.24»вд.

Қоғамдық тыңдаулар 20.06.2025 жылы сағат 11:30-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көлікті жөнелту уақыты 20.06.2025 жылы сағат 10:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/73019811612?pwd=ZGQXfjOShb05NlFDRubjkydFhOMy.1>

Конференция идентификаторы: 730 1981 1612, кіру коды: L113hX. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар біріңғай экологиялық порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекенжайы: prigodnyu-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Бөке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М. Горький көшесі, 21, БСН: 211040029201, Тел. +7(777)414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7(777)414-90-10.

9. «Жол Белгілері Зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) өз қатысушыларына келесіні хабарлайды: Серіктестіктің қатысуынан шыққан қатысушылардың үлестерін сатып алу мәселелері бойынша нотариус Нина Халеловна Кариебаеваға жүгіну қажет. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Марков көшесі, 53-үй, 2-кеңсе. Электронды поштасы: cig_nina@mail.ru, тел.: +7 727 260 81 12, +7 701 713 84 72.

14. Versuni Ev Aletleri Ticaret Қазақстандағы өкілдігі (БСН 231242017884) өкілдіктің есептік тіркеуден шығарылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Манас көшесі, 32А үй, 407-кабинет, тел.: +77010749799.

8. 2024 жылдың 22 желтоқсанында қайтыс болған Есентаев Алтынбай Лауевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 3-үй мекенжайы бойынша нотариус Жұлдыбаева Ақманат Рыспековнаға хабарласуларын сұраймыз.

«Реклама» ЖШС, Орал к., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған к., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай к., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда к., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8(712) 2256506.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар к., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл к., К.Сүтшіев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент к., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай к., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе к., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал к., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7012) 50-88-05.

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан к., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент к., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы к., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды к., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау к., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

ЖК «Васильевское» ЖШС, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел. 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қаласы, 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел. +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел. +7 (777) 414-90-10.

«Жол Белгілері Зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) өз қатысушыларына келесіні хабарлайды: Серіктестіктің қатысуынан шыққан қатысушылардың үлестерін сатып алу мәселелері бойынша нотариус Нина Халеловна Кариебаеваға жүгіну қажет. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Марков көшесі, 53-үй, 2-кеңсе. Электронды поштасы: cig_nina@mail.ru, тел.: +7 727 260 81 12, +7 701 713 84 72.

«Реклама» ЖШС, Орал к., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған к., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай к., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда к., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8(712) 2256506.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар к., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл к., К.Сүтшіев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-

Оқиға тоқсаныншы жылдары шағын шаһарда орын алып, саябақтан кесілген бас табылады. Қылмыстық іс бойынша тергеушінің кесілген бастан басқа айғағы жоқ. Оқиға тергеуші мен бастың диалогі арқылы өрбиді.

1

Мынау қоғамдағы дүрбелең де, анау әкім-қараның итіс-тартыс тірлігі де тергеушінің қаперіне кіріп-шықпай, бірнеше күннен бері бүкіл ақыл-ойы, езуіне күлкі жиналып, ақыретке аттанған бас жаулап алғандай, мең-зең күйде. Ол кімнің кеңіретіне қалқан болып қадалды деген оймен әуре. Оны осылай айуандықпен өлтіретіндей қандай қылмыс жасауы мүмкін? Көшедегі кездейсоқ адам мұндай жауыздықты жасай алмайды. Жүрегі дауаламайды. Бұл анау темір тордың ар жағында жатып, жүрегі суып шыққан қанқұйлы қарақшының қолынан келетін іс. Бәлен жыл бірге отырып, бостандыққа шыққан соң, ортақ үлестерін бөлісе аламай, итше ырылдасудан болса ше? Бұл кесек дүниенің кесірі. Оны өлтірген кім? Не үшін? Басын көпшілік жүретін қоғамдық орынға қойып кетудің мәнісі неде? Бұл жаңа заманға қыр көрсету ме? Немесе көпшілік арасында үрей туғызып, қылмыстың қолы ұзын екенін жарнамалау ма? Әлде әкімдік қаламаған, қылмыстық ортаға қырғидай тиген подполковниктің аяғынан шалып, бұрын-соңды болмаған қылмыс сенің тұсында болды, оның болуына сен кінәлісің деген құйтырқы қиястықтың бір ұштығы ма? Әлде бұл соңғы кездегі погон таққандардың шалт қимылы үшін іштен шалып жатқан сатқындар мен оның сыбайластарының астыртын әрекеті ме?! Тергеуші дүрліккен дүниеден хабарсыз, мәңгі ұйқыға кеткен басқа тағы қарады. Осы кез қалта телефоны дыз етті.

— Тыңдап тұрмын, — деді асығыс, —Кімсің? — А..аа... ана ақсақалдың баласымысың. Хабарласқаның жақсы болды. Бөлімшеге келе аласың ба? Есік алдында кезекші күтіп алып, кабинетімді көрсетеді. Жақсы. Күтем.

Кеудесінде бір үміт қылан беріп, келетін куәгер тергеуді тығырықтан құтқаратындай асығыс қозғалды. Арада аз уақыт өткенде ұзын бойлы, ашаң жүзді жігітті кезекші алып кірді. Терезе алдындағы жүз жылдық еменнен жарық түспейтін, қара көлеңке тар бөлменің қабырғасы жартысына дейін көк түспен боялғандықтан, күндіз де жарық жағып отыруға тура келеді. Бұрышта сейф, тозығы жеткен кеңсе үстелі мен екі-үш орындық. Тергеушінің жадау кабинеті атын естігеннен адам қорқатын мекеменің мүшкіл халін көзге шұқып көрсеткендей, олқылау көрінгені сонша, шақырылған жігіт шетте тұрған орындыққа ақырын жайғасты.

Көз қиығымен оны бақылап отырған кабинет иесі қабағын шытты.

— Мен өткенде үлкен кісімен сөйлескем, қалада жантүршігерлік қылмыс болды.

Естігем.

— Соның кім екенін, яғни кімнің басы екенін іздестіреміз. Ақсақалдың болжамы бойынша, ол Байсал деген кісінің баласы болуы мүмкін. Сіздермен қатар тәрізді. Ол туралы не білесің? Байсалдың баласын білетін бе едің?

— Иә, қатар өстік. Бір мектепті бітірдік. Сол жылы әкесі қайтыс болды. Көп ұзамай шешесінен де айырылды. Содан соң біз қалаға жұмыс іздеп кеттік. Бір-екі рет жанар-жағар май стансасында май құюшы болып жүргенін көргем. Асығыс едім, көп сөйлесе алмадық. Көп ұзамай сотталды. Не үшін екенін білмеймін. Елдің айтуынша, сол бұрынғы үйінің орнына салынған коттеджді өртеп жіберген. Енді әділетсіздік қой.

— Есімі кім?

— Ғалым Байсалов.

— Жалпы өзі қандай жігіт еді?

— Енді бала кездегісі мен өмірдің ыстық-суғын көрген кездегі адамның мінезі өзгеруі мүмкін ғой. Бала кезінде қақ-соқпен ісі жоқ. Мінезі тұйық, тәртіпті еді. Меніңше, өмірден көп



ТЕРГЕУШІ

қиыншылық көрді. Біреудің маңдайға басқан жалғыз баласы. Үйінен айырылып қалды. Махаббатта да жолы болмады ма деймін, ағалары қарсы болып, сүйгенін басқа біреуге беріп жіберіпті.

— Им...ім ... Оны сондай етіп жазалайтындай, жауыздық жасау қолынан келе ме?

— Ол жаман жігіт емес еді. Кім біліпті, соған жеткізгендей бір оқиға болған шығар. Сотталған жағынан сондай бірдеңе болған болар. Сізден сұрайын дегенім, бас сол жігіттікі болса, мұсылманша жерлеу керек емес пе? Біз бірге өскен достары оны әкесінің қасына жерлеп, жаназасын шығаруға дайынбыз.

— Бұл мәселе тергеу аяқталған соң ғана шешіледі. Біз қалайда бұл өлімнің себеп-салдарын білуіміз керек.

— Онда бізге хабарлайсыз ғой.

— Әлбетте.

Өзім де хабарласып тұрамын.

— Енді, жігітім, очный ставкаға барамыз?

— Ол не, ағасы?

— Басты көресің. Сол жігіттің басы ма, жоқ па, анықтаймыз.

— Айта көрмеңіз. Мен өліктен қорқамын. Оның үстіне ...

— Ол өлік емес. Бас.

— Ол тіпті сұмдық қой...

— Жігіт емесіңіз? Бізге көмектес!

— Қасымда боласыз ба?

— Әрине.

— Сіздердің еттеріңіз өліп кеткен ғой...

— Тергеуші болсаң, сен де сөйтесің.

— Мен бала кезімде милиция болуды армандаған едім.

— Неге болмадың?

— Күнкөріспен кеттік қой.

— Өлген кісіні көруге қорықсаң, қалай милиция боласың?

— Милицияның бәрі өлік көре бермейтін шығар.

— Қазір өлік көрмейтін милиция жоқ.

— Жарайды аға, барайын. Бірақ арада қанша жыл өтті, танымауым да мүмкін ғой.

— Попытка не пытка, — дейді орыстар. Көрсейші.

Далада күздің иісі аңқиды. Сары түске боялған ағаштар күздің суық желінен үрпісіп, екпінінің ермегіне айналғандықтан, аяқасты жапыраққа көміліп қалған. Есік алдын сыпырушы тергеушімен амандық-саулық сұрасты да, қасындағысына қамалуға бара жатырмысың дегендей, мысқылдай қарады... Қатар-қатар есіктің түптегісін ашып, алға түскен тергеуші ішкі темір есіктің ұңғысына кілт салды.

Тоқтай тұр. Терезе ашайын.

Амалсыз келген жігіт табалдырықта сілейіп тұрды да, шорт бұрылып, қаша жөнелді..

— Аға, мені зорламаңыз. Қарай алмаймын, — деп безілдеді. — Сау болыңыз, мен кеттім, айып етпеңіз....

Күагерді бұдан әрі ұстай алмаған

тергеуші жартылай қараңғы бөлмеге өзі кірді. Бас бұзылып кетпесін деп сақтаған камера тәрізді орын. Мұздатқышқа да салуға болатын еді. Бір басқа бір мұздатқышты қайдан табамыз деп бастық келіспеді. Қай заманнан қалғаны белгісіз, бояуы ұшқан үстелдің үстінде жатқан бас сол баяғы қалпы. «Иә, тапқан жоқпысың, көтере алмайтын шоқпарды беліңге байлама дегенді есітіп пе едің, үйге түскен ұрыларды таба алмай жүргенде, адам өлтірген қарақшыны қайдан табасың, әуреленбей-ақ мені жер қойнына жібере сал» деп табалап жатқандай.

— Саған айтуға оңай, қазір елдің бәрі байтал түгіл, бас қайғы болп, күнкөріс қамымен басы ауған жақта жүргенде, мен сияқты қаңғыған тергеуші де, сен сияқты қаңсыған бас та, ешкімге керек емес. Сенің басыңды жұлып алған қанішер әлдеқашан бұл маңайдан қарасын батырған болар. Мына аласапыран заманда кімнің кім екенін айыру да мүмкін болмай қалды. Мен бір кезде заңның әрпінен кеміріп, оқу бітірген соң, сот немесе прокурор болам деп шалқығанмын. Осылай тас қараңғы камерада кесілген баспен керілдеді, одан қалды бастықтармен бажылдасып отырам деп ойлап па едім. Анау шет елдің детективтері мен комиссарлары, олар да біз сияқты тергеушілер ғой. Қымбат көлік мініп, сәулетті қонақ үйге түсіп шалқып жүр, қараса көз қызыққандай. Олардай отбасының қамын ойламай, тек қана қылмыс ашумен айналысу біз үшін ертек қой. Ертеде бір ғұлама қоғам бір формациядан екінші формацияға өткен уақытта өмір сүрген адамдар қорғаныссыз деген екен. Сол біз шығармыз.

Оның көзі тағы басқа түсті.

...Сенің де сырын белгілі болды деп жатырмысың. Сені кім өлтіргенін табам деп аяғымнан сарсылып жүрсем де, естітінмін ұрыс, алатыным сөгіс. Бәрі қылмысты тез ашып болмадың дейді. Ал қалай жасадың, куәгер деп үміттенгенің жаңағайда көлеңкесінен қорқатын біреу болса, қалай зорлайсың. Жүрегі ұстап, тіл тартпай кетсе, қаралай бөлге қаларсың...

Бұрын органда қызмет жасайтындар шетелге шыға алмайтын. Еліміз егемендік алған соң, сол қатып қалған қағида өзгергендей болды. Ол кезде де аса маңызды іс бойынша тергеуші. Жапонияда семинар өтетін болды. Ондай сәттілікті кім жібергісі келеді. Барам деп құлшынды. Семинар өте қызықты өтті. Көбісі еуропалықтар. Бірталай нәрсеге қанықты. Атақты детективтерді де көрді. Қаланы аралап жүріп будда діншілдерінің храмына кірмей ме. Оның кіре берісіне ақылдылық символы — үш маймылдың картинасы ілінген екен. Бірінші маймыл табанымен көзін басып, екіншісі құлағын жауып, үшіншісі аузын басып тұрды. Олардың астына былай деп жазылған:

«Ничего не вижу, ничего не слышу, ничего не говорю».

Еш нәрсе көрмеймін, еш нәрсе естімеймін, еш нәрсе айтпаймын!

Бұл осы қағиданы ұстанғандардың басына ешқашан бәле жоламайды дегенді білдіреді. Біздіңше, басқа пәле — тілден. Жасыратыны жоқ, оқығанда қатты толқып, таң қалдық. Бәрінен бұрын бұл тергеушілерге кері әсер ететін қағида болатын. Бірталай пікір-талас болды. Сосын көшеге шықтық.

— Қара, — деді бір жасамыз тергеуші, — халықты қарашы, жаңағы айтқандай еш нәрсе көрмейді, еш нәрсе естімейді, еш нәрсе айтпайды, бәрі зыр жүгіріп барады. Бәрі ана буддо шіркеуінен шыққандай. Демек, бұлардың ұстанымы сондай.

Қазір байқап отырсақ, бізде де сондай. Ешкім еш нәрсе көрмейді. Еш нәрсе естімейді. Еш нәрсе айтпайды. Мылқау мен саңыраулар қоғамы. Осындай жағдайда қылмыс ашыла ма? Тіпті саябақтағы басты көрдің бе десен, ешкім көрдім деп айтпайды. Әуелгі кезде дүрліккен жұрт басылды. Ешкім ештеңе көрмегендей, ештеңе естімегендей, ештеңе болмағандай, жайбарақат қыдырыстап жүр. Ертең тағы бірдеңе болса, алғашқы кезде дүрліктеді де, арада бірнеше күн өткенде, ол да ұмытылады.

Қазір сенің де оқиғаң ұмытылып барады, жоғарыдағылар да бұрынғыдай дікендемейді. Тіпті еске алғысы келмейтін де сияқты. Тек мен ғана зыр жүгіріп, байыз таппаудамын.

...Бүгінгі жиын да әңгіме саған емес, қалаға іргелес ұжымшардан жоғалған екі-үш бас жылқыға тірелді. Енді кесілген бас емес, жоғалған жылқы маңызды болып шыға келді. Анау кеңсар мен ұжымшардың мындаған малы талан-таражаға түскенде, оны кім ұрлады, қылмыскер кім деп іздемегендер, екі-үш жылқыға бола айқай-шу көтеріп, жағадан алысып жатыр.

Негізі біз түсінбейтін нәрсе көп. Мен бәрібір сені өлтірген жауызды тапай қоймаймын.

Ұнжырғасы түсіп шығып бара жатқан тергеушінің тоқтағысы келді. Сенің иығыңдағы мимырт тірлік менікіне қарағанда түк емес, түңілме деп айтқысы келді... Қайда... бас болғанмен, жүрек жоқ қой... жүрек жоқ.

Тергеуші өзінің митың тірлігінен бір кило бал жинау үшін екі миллион гүлге қонатын араның тірлігімен ұқсастық табады. Қылмысты дәлелдейтін айғақ табу үшін бармайтын жері, баспайтын тауы, кірмейтін тесігі қалмай, әркімнен сыр тартып суыртпақтап жүргені. Сөйтіп тіміскілеп жүріп, жоғалғаны іздеген жоқшыдай бір қаралаң кездеседі. Содан көз жазып қалмау үшін жанталасады. Оның бұл еңбегі көзге көрінбейді, ешкім көрмейді, ешкім қол соғып қолпаштамайды да. Айтпақшы, ең алғаш Римде жалдамалы қол шапалақтаушылар болған дейді. Қазіргі қол шапалақтау да шынайы емес, оны да біреулер жалдап алатын шығар. Анау бас иесіне бір уақыт біреулер қол соқты ма екен. Өзі кім болып, қайда жұмыс жасады екен? Мүмкін жемқор біреу болған шығар. Әй, қайдам, жемсауы толық жемқорлар басын кестіріп қоя ма? Бұл бір өмірде жолы болмаған бейшара, әлде бір қара ниет қаныпезердің жолына жуа болып бітіп, тамағына қылқан болып қадалған жүрек жұтқан біреу болуы керек...

Тергеуші сағатына қарады. Қызын балабақшадан алатын уақыты болып қалыпты. Екі ұлдан кейін көрген тәтті қызы. Оны көріп, былдырлаған тілін есту үшін бәрін тастай жүргіретін әдеті бар. Тірліктен тозған жүйкесін тынықтыратын, қым-қиғаш қылмыс дүниесін ұмыттыратын, жанына жайлы отбасы барлығына мың шүкіршілік етеді. Тағдырына бар деп тасымайтын, жоқ деп жасымайтын, жаны жайсаң жар бергені үшін де алғысы шексіз.

Анау бастың отбасы, бала-шағасы болды ма екен? Әй, болмаған шығар..

Өткен-кеткенді тіміскілеп, түрмеде бірге отырғандарын іздестіруде. Білсе, солар бірдеңе білуі керек. ДНҚ сараптамасының да шығатын уақыты жақын. Сол сараптама бастың кімдікі екеніндігіне ақи-тақи нүкте қояды.

Басы қасқыр адамды не дейтін еді? Анибус. Ондай адамдар о дүниелік болған соң да, жан-жағына жол көрсетіп жүретін көрінеді. Нағыз Анибус болсаң, жаныңда сағаттап отыратын маған неге жол көрсетпейсің? Кімсің?

Ең ақыры, сен миыңды қатырып жүргенмен, өлім оның барлық мәселелерін шешіп, жанын жегідей жеген ішкі құрттарынан құтқарып, мәңгі тыныштыққа бөлеген амалы болса ше? Мұның міндеті — сол өлімге түрткі болған не, өлтірген кім — соны білу.

Жалпы қылмыс ашу тарапынан да жауапсыздық жеткілікті, ол құсап құраған күй басты кім өлтірді деп, қиу салып куәгер іздейтін жарымес тергеушінің қазір қолына шырақ алып іздесең де таппайсың. Істі шала-пұла, жұрдің-бардым қарап, көбіне көлденең көк аттының сөзін дәйекке алып, жаба салу немесе шындықты іздеп, шынырауға түспей, ақ-қараны ашпай, жазықсыз адамды шырылдатып соттай салуға еті өліп кеткендер қаншама. Ал соңғы лекпен келіп жатқан жастардың қабілетінің, ізденісінің аяқ алысын көріп, өзі қарадай шошынады. Бұлардың қолына түскендер роботтың қолына түскендей, отыр десе опақ, тұр десе сопақ болып шыға келетін болар. Олар адамдардың басында түрлі қиындықтардың, әділетсіздіктердің болатыныннан хабарсыз жасанды интеллекттің іс-әрекетінің айғағындай, үстеріне қолпылдаған оверсайз киіп, олпы-солпы болып, көз алдыңнан кетпей қойған.

Біз әлі де болса әділ заңға, әділ сотқа зәруміз. Бұған билік кінәлі ме, қоғам кінәлі ме, біз сияқты орындаушылар кәмілі ме, кім білсін. Қылмыс болған жерде күдік бірден бұрын сотталғандарға, көшеде күнін шаққа көріп жүрген еңгіршілерге түседі. Қоғамның ең әлсіз буыны солар болған соң, көбісі соларға әлімжеттік жасайтын өтірік емес. Қоғам қалыптасқан жүйеден қол үзіп, қалт-құлт етіп өмір сүріп отырған отбасыларын нәпақасынан айырды. Жұмыссыздар саны күрт өсті. Түрмеден мерзімін өтеп шыққандар да солардың қатарына қосылды. Халық жаппай кедейліктің кебіні киді. Сол өлара тұста қара халық өзінің өлермендігінен ала қап арқалап қана аман қалған жоқ па?! Ал оның құрбандары қаншама? Мына кесілген бас та сол құрбандықтың бірі болса ше!?

2

Қаланы дүр сілкіндірген кесілген бас оқиғасы ұмытылды. Ұмытшақ дүние оны да ұмытты. Көшеге шықсаң, өмірде қылмыс дегеннің не екенін білмей, арқа-жарқа болып, бөбектерің ойнатқан аналарды, қол ұстасып көктемнің алғашқы жылымығына жылынған жастарды көріп, жаның жай табады. Олар бір кезде осы саябақта жантүршігерлік қылмыс болғанын естіген де шығар. Естіп, жағаларын ұстап, біразға дейін үрейленіп, бейуақытта шығуға қорыққан да болар. Алайда одан бері алты ай өтті. Қала жұртшылығы қалыпты тіршілігіне көшіп, ол туралы естеріне де алмайтын болған. Ал қылмыс ашылмаған күйі аудандық милицияның мойнына тіркеліп, қылмыстық іс тергеушінің қолында жүр.

Тіпті жоғарыдағы басшылары да, аудандық әкімдік те бұрынғыдай діңкілдемейді. Оның себебі, пәленшенің баласы, пәленшенің бауыры деген сыбыс естілмей, бас иесінің сұраусы, іздеуісі болғандығында. Тіпті бір бөлмені бір өзі алып жатқан бас бөлім қызметкерлерін де зығыр қылғандай, ол жатқан жерге егін егетіндей, құтылатын уақыт болды ғой деп күңкілдейтіндер көбейген.

Зияш ТЕЛЕУОВА,
Ақтөбе қаласы

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы — директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЈАНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklama@astana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6299 дана
Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №971 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31